




Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы
ғылыми - әмбебап кітапханасы

Өлкетану бөлімі

«ОҒӘК өлкетану ресурстары –
жастарға» сериясының 4 басылымы

Сарыарқа батырлары

Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші



Қарағанды, 2006

Оқырманға

Кең байтақ қазақ жерінің бір бөлігі Сарыарқа. Ұлан-ғайыр жерді алып жатқан, жерінде табиғаттың барлық ғажайыптары бар бұл жер ежелгі заманнан бері көшпелі мәдениеттің бір ошағы. Орталық Қазақстан – кең дала, көне тарих қана емес, сонымен қатар қара қылды қақ жарған, елін жаудан қорғаған, жұртына қалқан болған батырлардың отаны.

Бабаларымыздың өмірі, заманы, өскен ортасы жайлы тарихи деректер негізі қазақ елінің шежіресі, ел ішінде сақталған ауыз әдебиеті, аңыз-әңгіме және көзі ашық, көкірегі ояу ақсақалдардың айтулары бойынша жазылады. Оны зерттеп, зерделеу тарихшы, зерттеуші, ғалым-этнографтардың төл ісі деп білеміз. Ал, бүгін бізге жеткен ауызекі деректерге қарағанда олар көшпелі заманда халықтың басын біріктіріп елді, жерді сыртқы жау шапқыншылығынан қорғауды ұйымдастырушы және бастаушы, ақылшы, қолбасшы болған аса ірі тұлғалар екені анық. Олар тұтас бір өлкенің, ұлыстың, өз елінің елдігін, бірлігін, тұтастығын сақтау үшін бар өмірлерін күреспен өткізген, ел-жұртының сый-құрметіне бөленген аса қадірлі азамат, қайраткер қолбасшы, би, ұлысбегі болғандықтары ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі жетіп отырған.

Міне, осындай тұлғалы қазақ батырларының елін-жерін қорғағаны айрықша еленіп, ерекше ауызға алынып, ел ішінде аңыз болып айтылып келеді.

Назарларыңызға ұсынылып отырған басылым қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы елдің басын біріктіріп, қалың қол жинап қаһармандық ерлік көрсетіп, аттары аңыз бен ұранға айналған қазақтың қас батырлары туралы. Батырлардың алдыңғы тобы – жоңғарлар қазақ жеріне басып кірген күннен бастапқы соғыстың ерлері болса, кейінгілері – жоңғарды қазақ жерінен қуып шығатын қанды шайқастардың қаһармандары және халқымыздың ұлт азаттығы жолындағы табандылықпен күрескен, сол жолда қаһармандықпен шаһид кешкен батырлар. Бұлардың бәрі де қазақ тарихынан ерекше орын алатын тұлғалар.

Бұл көрсеткіштің негізгі мақсаты көпшілік оқырмандарды ел қорғаны болған халқымыздың бір тума перзенттері жоңғар, қалмақ шапқыншыларының жойқын жорықтары мен Қытай алпауыттарының көз алартуынан «Ақтабан шұбырынды, алакөл сұламаға» ұшыраған қазақ ұлтын жер бетінен құрып кетуден аман алып шыққан баһадүр батырлар туралы таныстыру. Жастарды патриоттық тәрбиелеуде, елін, жерін сүйіп өсуіне, ұлтжанды болуына оң әсер, ғибрат болатындығы сөзсіз.

«Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы қалмақтармен ғасырдан артық 150 жылдай соғысты. Елінің тұтастығы мен жерінің бөлшектелмеуі жолында бар жанын пида еткен қазақ батырларының атақ-даңқы арада қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайды, ел зердесінде сақталып, жаңа қырынан жарқырап көріне бермек. «Осыншама ұлан-асыр жерді сойылменен қорғаған бабаларым осал емес шамасы», - деп ақын айтқандай, ұрпақ бар жерде, қазақ ұлты бар жерде ел қорғаны батырлар ұмтылмақ емес.

Материалдарды жинақтауда Н.В.Гоголь атындағы кітапхананың кітап қоры, қазақ батырлары туралы шығармалар жинағы, жинақтар, жеке басылымдар, таңдамалы шығармалар, облыстық және аудандық газет пен журналдарда басылған мақалалар, өлкетану картотекасы және электрондық өлкетану каталогы пайдаланылды.

Сонымен, алдарыңызға ұсынылып отырған «Сарыарқа батырлары» атты библиографиялық көрсеткіш тек қана оқушы, студент қауымға ғана емес, барша жұртқа, яғни жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдерге, өлкетанушыларға, кітапханашыларға және өз өлкеміздің тарихын білгісі келетін оқырмандарға арналған.

Батыр есімдерін келешек ұрпақтарға жеткізу бәріміздің қасиетті парызымыз. Өйткені, ел қорғаны болған батыр бабаларымыздың ерлігі де, даналығы да ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жалғаса береді.

Нұрбай Алтайұлы (1609-1675)



Арғын Нұрбай батыр – Есім және Жәңгір хандардың белгілі батырларының бірі. Ол шамамен XVII ғасырдың басында (1609 жылы) туып, сол ғасырдың екінші жартысында, яғни 1675 жылы дүниеден өткен.

Оның есімі қалың Алтай руына ұран болған. Аса қырағы батыр XVII ғасырдың басында Жаңаарқа өңірінде дүниеге келіпті, сонда ер жетіпті. Ат жалын тартып мінгеннен бастап сан рет қалмақтармен болған соғыстарға қатысып, елін-жерін қорғағаны айрықша еленіп, ерекше ауызға алынып, ел ішінде төрт ғасыр бойы аңыз болып айтылып келеді.

Нұрбай атан түйедей ірі кісі болыпты. Денесіне сай күші де керемет болған көрінеді. Батыр атану үшін, дененің үлкендігі мен күштің молдығы, әрине, аздық етеді. Ең бастысы, ерлік жасайтындай жүректі болу- шарт.

Өмірдеректеріне қарағанда, Нұрбай бабамыз ол жағынан да айтулы екен. Ол ата-бабалар өнегесімен жастайынан ерлік дәстүрлерге сай тәрбиеленген. Ол кезде он үште садақ тартуға жараған ұл жорық атын баптай бастайтын болған.

Нұрбай батыр тік денелі, қимылына көз ілеспес, шапшаң кісі екен. Жекпе-жекте, бір-біріне найза шаншып, қылыштасқан шабуылда ол көз ілеспес шапшаңдықпен оңнан солға, солдан оңға ер үстінен ат бауырына түсіп, дөңгелене айналады екен. Нұрбайдың осы қимылына найзасын кімге түйерін, қылышын кімге сілтерін білмей, аузы аңқиып қалған қарсыласы жалт бере қашады екен, қашпаса оп-оңай мерт болады.

Ол қазақ дәстүріне сәйкес бозбала шағынан жоңғар қалмақтарынан қазақ жерін қорғау жорықтарына қатысқан.

1627 қоян жылы Тобылдан ығысқан қалмақтар Еділ мен Жайыққа келіп, Кіші үз қазақтарына күн көрсетпейді. Есім хан 20 мың қолды басқарып, Жайыққа аттанады. Қазақ жауынгерлері жоңғарларға қарсы аттанғанда осы сапта 17-18 жастағы Нұрбай да болған екен.

Ол кездегі заманның салты бойынша жалпы соғыс басталардан бұрын екі жақтың батырлары үш кезек жекпе-жекке шығарылады екен. Кейбір жекпе-жектер ол кезде ертеден қара кешке дейін созылады екен.

Өкінішке орай, жекпе-жекте қазақтың екі батыры жеңіліске ұшырайды. Қазақ халқының болашағы бір қыл үстінде тұрғанда, 18 жастағы ақбоз атқа мінген Нұрбай қалмаққа топтан шыға шапқан.

Сонда топтан шыға келген жас жігітті менсінбегендей қалмақ батыры:

**“Алдымда тұрған жас бала,
Бола берме мас бала.
Үмітің болса жаныңнан,
Қарсыласпай, қаш бала”** - деген екен.
Нұрбай жұлып алғандай:
**“Төгейін деп келемін,
Кәпір қалмақ қаныңды,
Жіберуге келемін,
Жеті тамұқ түбіне,
Бір шыбындай жаныңды”** - дейді.

Сөйтіп шайқас басталып кетеді. Ойрат тайпасы көсемдерінің бірі Қоту-Қойсының інісі Барғай батыр Нұрбайды маңдайынан шаншады. Ал, қазақ батыры бұл жолы асқан ерлік жасап, қалмақтың асқан мықтысы, құралайды көзге атқан мергені Барғайды найзасымен өңменінен шаншып, ту сыртынан шығарады. Қалмақ батыры сол жерде өледі де, Нұрбай әрі қарай шайқаса береді.

Есім хан анығын білмек болып: “Нұрбай қай жерінен жараланды?” –деп сұрайды. Ханның қасында тұрған бір нөкері: “Ол туп-тура маңдайынан жаралы болды”, -дейді. Сонда Есім хан: “Онда Құдай берген екен, даңқты батыр болайын деп тұр екен”, -дейді.

Бетке ұстаған батыры өлгесін қалмақтың маңдайы тасқа тигендей болып, белі сынып, жалпы соғысқа кірісіп кетеді. Жалпы алғанда қалмақтармен соғыс 83 күнге созылды. Оның бір жарым айы жекпе-жекпен өтті. Бұл сол кездегі соғыстың өзіндік ерекшелігі еді.

1627 жылғы ұлы жорық нәтижесінде Еңсегей бойлы Ер Есім хан Ойрат Одағын екі жүз жылдық соғыс тарихындағы ең ауыр жеңіліске ұшыратты. Есім ханның соққысының ауырлығы сондай, бір байрақ астына ұйысып, үлкен күшке айналған Ойрат ұлысы шылпара ыдырайды.

Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Есім хан Нұрбайдың соғыста көрсеткен ерлігіне өте риза болып, қол жайып батасын береді. Хан жас жігітке ақсауыт, дуылға, алмас қылыш, алты қанат ақ киіз үй сыйға тартады.

Қалмақтың Барғай деген батырымен болған жекпе-жек Нұрбайдың жас кезіндегі алғашқы ерлігі. Сол жағдайды еске салатын: “Қара қалмақ Барғайдың басын кесіп,

Бақ алған Нұрбай батыр 17-де жекпе-жекпен.

Ерлігі үш алашқа мағлұм болып,

Ұранға аты шыққан сол себептен.”- деген

Жыр жолдары ел жадында сақталған. Оның есімі өз елінде жауынгерлік ұранға айналған.

Нұрбай бабамыздың ерлігі күні бүгінге дейін ел аузында аңыз-жыр болып сақталуда. Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде (“Қазақ шежіресі”, - Алматы. Жалын, 1993.-25-26 б.) мынадай қызық деректер келтірілген: “Алтайдың ақ сауыты Нұрбайда қалған. Қалмаққа олжаға түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып алып келген, сауыттың аты Шежекөз. Сондықтан Нұрбай ұраны “шөжекөз” болған. Нұрбайдан басқасында белгілі ұран жоқ. Әупай, Қуандық аталған...”

Нұрбай морт мінезді, көзсіз батыр болған екен. Бір ұрыста аты әлсіреп, сүріншектей берген ағасы Алысайдың қолынан туды жұлып алып, жаудың жебес қара санынан бір түйір бұлшық етін жұлып кеткеніне қарамастан, әскерді бастап, қалмақ қоңтайшысы шатырын тіккен төбеге тұра шапқан. Төбе басындағы жауды тас-талқан етіп, Алтайдың қылқұйрық қадаған туын тіккен деген әңгіме бар.

Нұрбай батыр аға-інілеріне, балаларына, туыстарына қалыңдықты өзі тандап, құда түсіп, алып береді екен. Қалыңдық тандағанда шарты болашақ құдалардың дәулеті, сәулеті, өсіп-өнгендігі емес, басты шарты келіннің денсаулығы, тәрбиесі, бойының ұзындығы 170-180 см-ден кем болмауы керек болған.

Әдебиеттер:

Асыл текті Нұрбай батырдың өрім-бұтағы: Шежіре// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N12.-38-42 б.

Есбаева Р. Текіден текті туып, жай отындай жарқ еткен Алтынтөре: Нұрбай батырдың жаны жайсаң бір ұрпағы// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N12.-48 б.

Кәренов Р. Нұрбай батыр // Қазақ батырлары.- 2003.- наурыз(N3).-4 б.

Кәренов Р. Ұлт азаттығы үшін арыстандай алысқан Нұрбай батыр: Қазақ батырлары // Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N12.-6-10 б.

Кәренов Р. Арғынның Нұрбай батыры: Тарихымызды таразыласақ // Орт.Қазақстан.- 2004.- 23 қазан.-10 б.

Кәренов Р. Есім хан мен Нұрбай батыр: қазақ хандары мен батырлары// Азия Транзит.- 2004.- N10.-6-9 б

Барғана батыр (1682-1772)

Руы Тоқа, Бесімнен туған. Барғана батыр шамамен 1682 жылдары туып, тоқсан жастан аса өмір сүріп қайтыс болған. Жезқазған облысы "Сарыарқа" газетінің 1996 жылғы 12 қыркүйегінде Айтқожа Әбдіраманұлының "Ферғананы билеген Барғана әмір" мақаласы басылған. Онда "Қуандық Барғана-Орта Азия тарихынан орын алған көрнекті мемлекет қайраткері. Ол-Әмір-Темір әулетінен соң Ферғана өлкесін билеген қазақтың бірінен саналады. Қуандық Барғана жөніндегі толық мәліметте оның қазақтың Арғын тайпасынан екені айтылады. XVII ғасырда өмір сүрген парсы тарихшысы Юсуф Сарай өзінің "Ферғананама" (Қоқан әміршілерінің тарихы) кітабында Қуандық Барғана (Барқанай) өміріне аз ғана тоқталған. Онда Барғананың шын аты Ыбырайым екендігі, оның Ферғана әмірі болған соң Барқанай атанғандығын айтқан. Оның көрсеткен шежіресінде Ыбырайымның тегі-Арғын-Қарпық-Мейрам-Қотан-Аджол-Қуандық-Тоқа-Бескем-Мәнжі-Хайдар-Шерубай-Қандыбай-Ыбрайым (Барғана) деп жазылған. Осы шежіреге қарап-ақ Барғананың қазақ екендігіне еш күмән жоқ. Сонда Барғана сонау Ферғанаға қалай барған? Бұған жауапты тағы да Юсуф Сарай кітапшасынан табамыз. Қазақтың Ташкентті билеген хандарының бірі Тұрсын хан азғана уақыт Ферғананы билеген. Сол кезде қазақ қыпшақ хандығының астанасы-Ташкент болған екен. Ол Ферғанаға барып қоныстанады. Тұрсын хан өлген соң орнына болған інісі Есім хан Персиямен достық қатынас орнатып, Ферғананы оларға қайтарады. Ал Хаким төренің "Таурих Шахруки" кітабы мен Кенесарының сенімді серіктерінің бірі Сайдақ қожа сұлтанның "Жүзге жатпайтын қазақ тайпалары" атты кітапшасында қазақ Тоқаларының көне Қарлұқтың Тоқар тайпасынан шыққаны айтылады. Юсуф Сарай Қытай тарихшысы Жунь-Луньге сүйене отырып, Қарлұқ-Тоқардың күнбиі (қағаны) Хуан Дуанның ұзақ уақыт Алтайда тұрып бүкіл шығыс қарлұқтарды билегеніне тоқтала келіп, ол өлген соң інісі Суан Дуань хан болғанын айтқан. Сол кезде ағасымен сиыспаған Хуан Дуаньның жалғыз қызы Энамха ханша Тоқалардың біраз бөлігін өзімен бірге батысқа алып кеткендігіне тоқталған. Сондай-ақ Юсуф Сарай Хуан Дуаньды-Қуандық, Суан Дуаньды-Сүйіндік, Қар-лұқты-Қарпық, Тоқарды-Тоқа, Энамханы-Енемеке деп дәлелдейді.

Осындай деректері Қуандық Барғананың ұрпағы-Ташкенттің Шыназ ауылында тұратын Әлімжан ақаның өз аузынан 1979 жылы естіген едім... Әлімжан ака-Барғананың Қушақ атты баласынан тараған ұрпақ. Әлімжанның жазған деректерінде Барғана Персия шахы Айиуб Ш-нің атқосшылығынан Ферғана уәлаятының әміріне дейін көтерілген көрінеді.

Бірде аңға шыққалы жатқанында Айиуб шахтың атының мойнына оқ жылан оралып тұрғанын көрген Барғана, жедел жылдамдықпен оқ жыланды айырмай түйреп өлтіреді. Бұған риза болған шах оны атқосшылықтан өзінің жеке күзетіне ауыстырады. Барғана онда жүріп Құндыз, Бадақшан уалаяттарының әмірлерінің тапсырмасымен шахты өлтірмекші болып келген жансызды ұстап алып, шахқа апарып мойындатып, қылышпен бірден шауып өлтіреді... Шах оны өзінің өкіл баласы етіп жариялайды. Сол кезде Барғана 19 жаста екен. Барғана бұдан соң шахтың жеке күзетін басқарады. Шах оны туысы Саманидтер /Хорасан қожалары/ әулетінің беделді адамы Сарайбан уәзірі Панхас Халандардың қызы Гүлшеһра ханшаға үйлендіреді. Сонан соң оны Марғаллан аймағына мың басы дәрежесін беріп, әкім етеді. Арада бес жыл өткен соң Айиуб шахтың өкімімен Ферғана уалаятының әмірі болып тағайындалады. Ол кезде уалаят орталығы Андижан қаласы еді. Барғана өзінің атымен қазіргі Ферғана қаласын салдырады да, уалиат орталығын сонда көшіреді. Ол басқарып тұрған кезде, шашырап жүрген түркі тайпаларын Ферғана уалаятына жинаған. Ал Ферғана атауының пайда болуы Ескендір Зұлхарнайын (Александр Македонский) заманынан басталады. Ферғана атауы парсы тілінен аударғанда, таулы аймақ деген мағынаны білдіреді екен.

Ферғана атауы Барғана атынан шыққан жоқ. Керісінше Ыбырайым-сол аймақтың әмірі болғандықтан Барғана аталған. Барғана Ферғананы бас-аяғы он бес жыл

басқарады. Айиуб шах өлген соң, орнына Надир шах бүкіл Персияның билеушісі болып жарияланады. Ол Барғанамен ертеден өш болатын. Ақырында жергілікті тәжіктерді Барғанаға қарсы көтеріліске шығарады. Оны әйелімен бірге бауыздап өлтіреді. 1684 жылы 42 жасында өлген. Оның Гүлчехра ханымнан Қушақ, Шушақ атты ұлы мен Нұрбике атты қыз болған. Тоқалы Рашидадан Мизамбай деген ұлы және Гүлбике деген қыз туған. Күні Дарухадан некесіз Рафхат деген ұлы болған. Барғананың балалары, күйеу баласы Шақұрақ бидің көмегімен аман қалады. Кенже ұлы Шушақ үшті-күйлі жоғалып кетеді.

Арада ширек ғасыр өткен соң, Барғананың үлкен қызы Нұрбикенің күйеуі Шақұрық би 1706 жылдары Қоқан қаласында жеке Қыпшақ хандығын құрып, Ферғананы Персиядан бөліп әкетеді. Шақұрық би өзбектің Қыпшақ тайпасынан болатын. Юсуф Сарайдың дерегі бойынша Тоқалар өзбек, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ, ноғай халықтары мен қазақтың Арғын, Садыр Найман, Адай, Жалайыр, Қоңырат руларының құрамында бар көрінеді. Оның себебін V ғасырда Қарлұқ бірлестігінің ыдырауына байланысты дейді деп жазған дерегіне жүгінсек, біздің Тоқа батыр Барғанамыз Ферғананы билеген Барғанадан басқа болып шығатын сияқты.

Батыр Барғананың Тотия деген бәйбішесінен Қансамай (Самай), Құлқара, Өтемырза, Ақүрпік, тоқалынан Шушақ туған. Бөгенбай, Аралбай, Барғана айырылмас дос болған. Аралбайға Бөгенбай батырдың қарындасын алып беретін Барғана батыр екен. Барғананың күші ерекше болса керек. Шөке атқанда садағының оғын жеті кетпеннен өткізуші еді дейді. (Шөке-түйенің жабуы, соның арасына кетпен темірді қойып, нысана атады. Шөкесінен түсірді деген содан қалған)

Барғана, бөгенбай, Аралбай батырлардың қалмақтармен соғыста атағы ерекше шыққан кез 1726 жылмен 1730 жылдардың арасындағы шайқастарда. 1729 ж. Балқаш көлінің оңтүстік шығысында Итішпестің Алакөлінің жағасындағы қалмақтармен қырғын соғыс болған. Төлебидің түйесін бағып жүрген Сабалақ деген құлын Бөгенбайдың ертіп алатын, жекпе-жекте Сабалақ «Абылайлап» аруақ шақырып, Шырыштың басын қағатын майдан осы кездегі шайқастардың бірі.

Әдебиеттер:

Жұмаділдин А. Жаңаарқа: Дерекнама .-Алматы: Кенже-Пресс-Медиа, 2003.- 521 бет.

Шерубай Биболдыұлы (1693-1812)



Шерубай Биболдыұлы 1693 жылы қазіргі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданындағы Сұлу Мәдина ауылының маңында туған деп жорамалданады. Демек, бүкіл қазақ халқының 1710-1770 жылдардағы болған жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы жанқиярлық Отан соғысы кезеңінде өсіп, шындалып, барлық саналы өмірін қан майданға жаумен арпалысумен өткізген.

Шерубай батыр бала кезінен батыл, мерген, ат құлағында ойнаған епті де, қара күштің иесі болған. Ол 16 жасында Сарыарқа жерінде өткен белгілі бір байдың асында “Түйе палуанды” жыққан.

Шерубай Биболдыұлы 17-18 жасынан бастап, туған жерін қалмақ басқыншыларынан азат етуге қатысып, Отанын қорғауға кіріседі. Ол бірде шаршап – шалдығып келе жатып, бір ақбоз үйге тап болады. Ішінде жалғыз бойжеткен отыр екен. Ол бөтен адамнан сескеніп қалады.

-Менен қорықпаңыз, зияным жоқ адаммын – дейді оны сезген Шерубай. Сөйті шай қайнатылып, дастархан басында отырады да, оның көзі кереге басына ілінген садаққа түседі. Батыр оны алып көреді де, 1-2 рет шіреніп созады. Мұның бәрін қыз тойдан келген әке-шешесіне айтады. Үй иесі Шерубаймен танысып, қонақ етіп, кетерінде сол садақты сыйға тартып, ат мінгізеді. Сөйтсе ол садақ қалмақтардан тскен олжа екен. “Сол үшін де иесіз садақты үй иесі Шерубайдың тегеін адам емес екенін біліп, тарту еткен”-дейді көнекөз қариялар.

Қарақұмда болған Құрылтай алдында қазақ хандығының 80 мыңға тарта жауынгерлеріне сардар қолбасшысы болып сайланған Бөгенбай батыр қарт әкесі Ақша батырдың қолынан Қазақ мемлекетінің әскери сарыала туын, сардарлық бағананы қабылдайды.

Жоңғарлармен кездесу Ұлытау өңірінде Сарыкеңгір өзенінің жағасында Сарайлы деген жерде болды. Жекпе-жекке екі жақтан бас батырлары шықты Бөгенбай ойраттың ноянын өлтіреді. Қалмақтар абыржып, қазақтар аруақтанып жауына лап қояды. Кескілескен қырғын соғыста қазақтар көп жыл күткен үлкен жеңіске жетті.

Осы шайқаста қалмақ батырымен жекпе-жекке он жеті жасар Шерубай да шығады. Қалмақ батырының денесі зор, орта жастардағы адам екен. Өзінің атын естігеннен кейін қазақтың жас батырына ұмтылады. Шерубай өзіне ұмтылып келе жатқан қалмақ батыры жақындай бергенде, аттың бір бүйіріне жата қалып, қолындағы сүңгісін жауының кіндігінің астына көздей салып, екінші ұшын жерге қаратады. Екпінмен шауып келе жатқан қалмақ батыры сүңгіге шаншыла жығылып, сүңгі денесін тесіп өтеді. Жас жауынгер Шерубай осы ерлігі үшін батыр атанады.

Осы 1710-1711 жылдардағы соғыстарда қазақтар айырылып қалған қоныстарын қайтарып алып қана қоймай, жоңғар билеушілерінің жерлеріне кіріп, Турфанда жауды тас-талқан етіп жеңіп, көп олжамен оралады.

Қазақ жасақтары мен жоңғар әскерлерінің арасында үлкен шайқас 1724 жылы Торғай даласының оңтүстік-шығыс жағында Бұланты өзенінің жағасында “Қара сиыр” деген жерде болды. Бұл бірнеше жылдар бойғы жиналған ыза мен кектің буырқанып-бұлқынып сыртқа шыққан шағы еді.

Қалмақтармен кезекті соғыс алдында жау жақтан астына қаракөк айғыр мінген, қисық көз, еңгезердей біреу майдан алаңына қарай атын ойнақтатып шыға келді.

-Мен қалмақтың аты шулы, талай қазақтың басын алған батырымын. Кім жекпе-жекке шығады? Жаныңнан безген біреуің келе қойыңдар,-деп шіренеді.

Сол кезде қазақ әскері жағынан жасы егделеу келген Бөгенбай батыр шығуға әзірлене бергенде, Орта жүз жігіттері тұрған жақтан:

-Аға, кезегіңізді маған беріңіз!-деген жуан дауыс шығады. Жауырынына екі кісі мінгендей кең иықты, бура сан, алып күш иесі, қарсұр жігіт астындағы ұзындығы есік пен төрдей қара арғымағын ойнақтатып, ортаға шыға келді. Шерубай батыр екенін көріп, көңілі орнына түскен Бөгенбай батыр қол жайып, батасын беріп, өз орнына барып тұрады.

Екі жақта тұрған қалың әскер өз батырларына дем бере айқайлап жатыр. Ат үстіндегі соғысқа жас кезінен әбден жаттыққан Шерубай батыр қарсыласының найзадан нашар қорғанғанын байқап? өзінің үйренген тәсілі найзаны оң қолына берік ұстап, қалмаққа қарай тұлпарын зулата жөнелді.

“Ақжол!”, “Ақжол!”, “Ақжол!” деп үш рет ұрандап келіп, қалмақ батырын дәл өкпе тұстан түйреп, атынан аударып иасиады да, оның атын ұстап алып өз адамдарына қарай шаба жөнеледі. Оны көрген жау әскерлері шыдамай қазақтарға қарсы лап қойды. Бұл, әрине, соғыс тәртібін бұзғандыққа саналады. Оған қарап жатқан жан жоқ. Даланың еркін өскен ұлдары кең дүниені тарылтып, енді бірін-бірі өлтірмесе, екінші оны өлтіретінің біліп, бар қаруларымен шайқасып, шабысып кетті...

Зеңбіректермен және мылтықпен жете қаруланған жоңғардың қалың қолы қазақ батырларының біріккен күшіне төтеп бере алмады. Бірнеше күнге созылған қиян-кескі соғыста жоңғарлар ондаған мың адамдарынан айырылып, ойсырай жеңілді. Сол ұлан-асыр ұрыс болған жерді халық кейін “Қалмақ қырылған” деген атпен атап кетті.

18 ғасырдың 40 жылдарында жоңғарлар тұғырынан тайған жоқ. Олар ресеймен тіл табысып, қазақтарға қауіп төндіруін қоймады. 1739-1740 жылдар қалмақтар Сарыарқаға бірнеше рет шабуыл жасады. Жеңіс пен жеңіліс алма-кезек болды. Бірақ Абылай бастаған қазақ қолы негізінен тойтарыс бере алды.

Сарыарқа жерінде жүргізілген шайқастарға Орта жүздің біраз батырлары қатысады: Қаракерей Қабанбай, Уақ Сары Баян, Балта Керей Тұрсынбай, Тарақты Байғозы, Қаракесек Сеңкібай (Биата). Олардың арасында ардагер, ержүрек Шерубай батыр да жүрді.

Жоңғарларға қарсы жойқын соғыс аяқталған соң, Шерубай батыр бірқатар жасақтармен бірге ата қонысы- Қарағанды аймағына келіп мекен тебеді.

Шерубай батыр қазіргі Бұқар жырау ауданының Топар қалашығының маңында Шерубай-Нұра өзенінің бойында 119 жасқа келіп, 1812 жылы дүниеден қайтты. Ол тұстағы биіктеу төбе басына жерленіп (бүгінде Шерубай батыр ескерткіші орнатылған көк дөңнің төл атауы Кіндіктөбе), бейіт соғылды.

Әдебиеттер:

Алшынбаев Ж. Кіндіктөбе //Орт.Қазақстан.-1995.-14 желтоқсан.

Асқартегі Т. Шерубай батыр: Естелік әңгіме // Абай-Ақиқат.- Абай, 2002.- 23 қараша

Бексейіт С. Шерубай батыр: Шерубай батырдың туғанына - 310 жыл// Азия Транзит.- Қарағанды, 2003.- №6.-9 б.

Каренов Р. Шерубай батыр: [Қазақ батырының 310 жылдығына арналды] // Қазақ батырлары.-2003.- шілде(N7).-4-5 б.,тамыз(N8).-4 б.

Каренов Р. Жауына ойран салған Шерубай батыр // Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.- №1.-39-41 б.

Каренов Р. Аты ұранға айналған Шерубай батыр: Шерубай батырдың туғанына - 310 жыл// Азия Транзит.- Қарағанды, 2003.- №6.-4-8 б.

Орайханұлы С. Шерубай батыр: Қарағандының 70 жылдық мерейтойына// Орт.Қазақстан.- 2004.- 6 қараша-16 б.

Орайханұлы С. Шерубай – ердің заты, жердің де аты //Орт.Қазақстан.-1995.-14 желтоқсан.

Жалаңтөс Жансарыұлы (1696-1768)



Тарихқа үңілсек үш Жалаңтөс батыр болған. Бірі – қалмақ пен қазақ арасындағы Орбұлақ шайқасында 20 мың қолмен келіп қатысқан Самарқанд билеушісі. Екіншісі – атақты тарихшы-ғалым Әлкей Марғұлан айтып кеткен Жалаңтөс. Үшіншісі Арғын тайпасы Қаракесек руының Сарым бұтағынан шыққан баһадүр. Ел ішінде «Шақадан туған Қараменде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтөс батырдай еді» деген нақыл сөз бар. Жалаңтөс батырдың әкесі-Жансары. Оны жеңгелері Құлық деп атап кеткен. Кейін қалың елге Құлық атымен жайылған ол ағайындарға мейірімді, елге беделді, шаруақор адам болыпты. Оның атамекені Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Қызыларай тауының күнгейіндегі Қаратал өзенінің бойы.

Сол Құлықтың балаларының үлкені Жалаңтөс қолына жастай найза алып, елін жаудан қорғауға ат салысады. Дау-жанжалдарға араласып, билік айтуға қатысады. Абыз бабамыз Қаз дауысты Қазыбек бимен, Балқаш көлінің теріскейіндегі Тобықтының атқамінерлерімен, Нұра бойындағы Қуандықтың белді адамдарымен ерте араласқан Жалаңтөс өзінің батырлығымен, тапқырлығымен жұрт көзіне түседі.

Балқаш көлінен бастап, Қоңырат, Әулиеата, Тоқырауын мен Нұра бойын, Ұлытау мен Қарағанды аралығындағы сайын даланы дұшпаннан азат етуге қатысқан Жалаңтөс баһадүрге Қаз дауысты Қазыбек би ерекше ден қойған. Бірде ауылын шауып, жылқысын айдап кеткен қалмақ ханына күн сұрай барған бидің қасындағы батырлардың арасында Жалаңтөс пен баласы Алтай да болған.

Қазыбек бидің бес ұлының ортасында ерке өскен ақылды қызы Манқан Жалаңтөсті ұнатады. Қалмақ еліне барған сапарынан мінезіне қанық, батырды жақсы білетін Қазыбек би қызының теңін тапқанына ризашылық білдіреді. Манқан Жалаңтөстен Бәйгел, Берістен, Белтей, Серке деген төрт ұл көтереді.

Жалаңтөс Қанжығалы Бөгенбайды пір тұтқан. Баһадүрдің қасында жүріп сан жорықтарға қатысқан. Атақты Бұланты шайқасында көзге түскен. Жас батырларды тәрбиелеп, маңына шоғырландыра білген.

Бір жылы Сарыарқаны емін-еркін билеп-төстеуді арман еткен қалың қалмақ Қарағанды төңірегін басып алуға күш жұмсайды. Жауға Түйте, Жарылғап, Керей Есей, Құлық Жалаңтөс, Әлтеке Жидебай, Төлеңгіт Қасабай, Қожағұл Торак, Тобықты Байзақ бастаған батырлар қарсы шабуылға шығады.

Осы майдан төсінде Жалаңтөстің көзіне қалмақтың дәл атқан жебесі қадалады. Батыр көзіндегі жебені өзі суырып алады. Бірақ соғысты тоқтатпайды. Қазақ қолы жеңіске жетеді. Жалаңтөстің бір көзі шыққан өзенді жұрт бұдан былай «Соқыр өзені» дейтін болған.

Әдебиеттер:

Қашқынов Ж. Алайтөс батыр – Жалаңтөс // Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.-N2.- 39-42 б.

Қашқынов Ж. Халқымен қауышқан баһадүр // Орт.Қазақстан.- 1996.- 23 мамыр.-6 б.

Тоғжанов Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т. Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.

Халиолла М.Ж. Батыр баба зираты басындағы ой // Орт.Қазақстан.-1995.-17 қазан.- 4 б.

Нияз батыр

XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басы Сарыарқа жерінде мамыржай тіршілік болмағанға ұқсайды. Бұл заман Еуразияның кең байтақ далалық өңірін мекендеген көшпелі ұлыстардың апшысын қуырылып, өрісінің қысқарған кезеңі. Батыстан жауар бұлттай түнеріп Ресей империясы төнсе, Шығыстан Мәнжүр әулетіне бағынышты қара құрттай Қытай қаптап келді. Қазақтың ежелден келе жатқан ескі жауы қалмақ болса өзінің ата қонысынан батысқа қарай лықсып, Сарыарқа мен Жетісуға ендеп енді.

Ел басына осындай күн түсіп, ат ауыздықпен су ішіп, ер азамат қан кешкен заманда қазақ ынтымағын ойлап, мемлекеттігін жаңғыртуды көкसेген асыл азаматтардың бірі Орта жүз Нияз батыр еді. Оның тегі Сайдалы (Сайдалы-Арыстан-Барқы-Нияз болып келеді). Өзі үш ағайынды екен, бәрі де бірінен бірі өткен батыр болған. Нияздың тұқым-жұрағатындағы шежіре-аңыздар ете жұтаң. Соның бірі Сайдалы Нияз батырдың Орта жүз сұлтаны Абылайды қалмақ тұтқынынан босатып алуы. Тарихи деректер бойынша қалмақ пен қазақтың арасында жаугершілік қызып тұрған 1741 жылы Ұлытау баурайында Абылай Қалдан Сереннің әскеріне жолығып қолға түседі.

Қазақ шежіресіне иек артсақ әңгіме былай болған. Абылай бір соғыстың кезінде Қалдан Сереннің жақын туысы, кей шежіреде інісі делінеді, Шарыш деген батырды жекпе-жекте өлтірген. Оның үстіне сол жылдары қазақтың ішіне Сына батыр деген лақаппен башқұрттың Қарсақал деген батыры жүрген. Шын Сына батыр Қалдан

Сереннің әкесі бір, шешесі бөлек інісі, ағасымен таққа таласып Еділ бойына ауып, сол жерде 1732 жылы қайтыс болады. Сына атын Қарасақалдың пайдаланып жүргенінен бейхабар қалмақтың біраз жақсысы Сына қазақ ортасына дегенді естіп, Қалдан Сереннен бөліне көшіп Абылай қол астына келген. Сол қалмақтың біразы Бес Мейрам руларының арасына сі кетті. Қалдан Серен:

-Кісімді өзіме қайтарып берсін, - деп елші жіберсе, Абылай қайырып бермепті.

-Қалдан Серен қолынан келгенін менен аямасын, -деп. Бұл турадан Қалдан Серен қалмақтың өзінен басқа Қонтәжі болсын, Аюке болсын (Еділ бойындағы құба қалмақтың ханы) баршасына ат шаптырып:

Көктің астында,
Жердің үстінде,
Абылай хан бар болса,
Қоймасын ұстап алыңдар, -

деп Сүзекенің қолы деген қол аттандырыпты. Және қалмақтың жайсандарына жарлық беріпті:

Абылайды тірі ұстап әкелгендерің Аюкенің қызынан туған Топыш сұлуды қалың малсыз беремін деп. Ұлытауда бүркіт салып жүріп, ұйықтап жатқан жерінен Абылайды қалмақтың қолы ұстап алыпты. Жөн ұұраса, бір ғана өзі үшін аттанған қол екенін білген соң, күтінбеген елді шаптырып қайтемін деп Абылай:

- Мен, іздеген Абылайың, - депті. Қалмақтың қолы Қалданның тапсырған Абылайын тапқан соң елге тимей қайта беріпті.

Абылай қалмақ қолында екі жылдан астам уақыт тұтқында болып, ақыр соңында абыроймен, сый сияпатпен, Топыш сұлуды алып келгені оқырман қауымға онсыз да белгілі оймен тиянақтап жазуды артық санаймыз. XVIII ғасырдың жырауы Үмбетейдің:

Қалдан ханның әскері
Іздеп сені әрі-бері,
Қапыда ұстап алғанда,
Алып барып Тәшкенде
Көр зынданға салғанда,
Елің қирап қалғанда,
Тоқсан жақсы үш жүзден
Сені сұрап барғанда
Өлтірем деп Қалдан хан
Орайына Шырыштың,
Сөзіне қарсы сөз айтып,
Жауаптастың, қарыстың.
Қапияда тұтылдың,
Қалмаққа бітеу жұтылдың,
Шешендік жолын тұтыңды,
Үш ауыз сөзбен құтылдың,
Ұмыттың ба соны Абылай! -

деп жырлауы шежіреде айтылған жағдайды одан әрі нақтылай түседі.

Абылай мәселесін шешу үшін қалмаққа алғаш тоқсан жақсыны бастап Қаздауысты Қазыбек барды. Екінші елшілікті Сайдалы Нияз бастап барып Абылайды Қалдан қолынан босатып алып келген. Бұл мәселе тарихи құжаттармен де, ауызша шежіремен де тікелей дәлелденді. Шежіреге қарағанда қалмақ еліне барған елшілікті қалмақтың қара арғымаққа мінген алпамсадай батыры қарсы алып жекпе-жекке шығатындай батырын болса шығар, мәмле-мәселе батырдың шайқасынан кейін басталды-мыс десе керек. Сонда Нияз батыр пайғамбар жасына келген кез екен өлсем жаным Абылай сұлтаннан қадірлі емес, өлмесем жолымыз болып сұлтанды қапастан алып шығамыз деп майдан ортасына шығып, қалмақтың батырын киімінен жанай шаншып, жерге түсіріпті дейді. Жерде домалап жатқан қалмақтың кеудесіне найзаны тіреп қойып мен сенің қаныңды мойныма жүктемеймін, Абылай сұлтанның жолына кештім: Ханыңа айта бар сені жеңген 63 жастағы Сайдалы Нияз батыр депті.

Қалдан Серен көп ойланып апырмай, бұлар тегін жау емес екен, келіссөз жүргізуге тұрарлық адамдар екен деп алғашқы сынақтан аман-есен өткен елшілерді дұрыс қабылдапты деп әңгімелейді шежіре. Келіссөз кезінде, Нияз батыр Қалдан Серенге үш талап қойыпты:

-Біріншіден, Абылайдың өлі болса сүйегін бер, тірі болса өзін бер.

-Екіншіден, Есіл-Нұра бойындағы жайлауымды бер. Бұл жерден іргенді алыстат. Өйткені, екеуіміз екі туды тігіп алып, біріміз Еділге, біріміз Есіл-Нұраға қарай тартамыз. Сонда қазақтың жартысы саған еріп кетсе мен үндемеймін, қалмақтың жартысы саған еріп кетсе сен үндемейсің депті.

Қалдан Серен Ниязға бірінші өтінішінді орындау үшін бір жұма уақыт керек дейді. Сөйтсе олар Абылайды сіріге қаптап тастапты, соны жібітпек екен. Ақыр аяғында қалған екі талабың ақылға қонады деп Қалдан Серен келісімге келіп, Абылайды босатып береді. Есіл-Нұраның басынан қоныс аударады.

Нияз батыр қазақ жерінің тарихын ресейлік ғалымдардың алғашқысы болып хатқа түсірген П.И. Рычковқа көп мәліметтер берген адам. Қазақтың хан шежіресін Әбілмәмбетке дейін таратып берген де, басты-басты рулардың арасындағы жол тәртібін түсіндірген де, Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды атап айтып, олардың қазақ тіршілігіндегі орнын анық көрсеткен де Нияз батыр. П.И. Рычковтың "Топография Оренбургской губернии" кітабының негізгі деректері сол жолғы кездесуде жинақталды.

Тамыздың аяғы, қыркүйектің басындағы көп мәжілісте қазақ қолындағы орыс тұтқындарын босату, ақ патшаға, Санкт-Петербургқа елшілік жіберу, қазақ арасында ты-ғылып, орыстан бой тасалап жүрген башқұрт көтерілісінің басшысы Қарасақал батыр, Ресей керуендерін тонауды тоқтату, 1733 жылғы тоналған керуеннің тауарын қайтару, Ресей елшіліктерін, керуендерін қазақ жерінен аман-есен өткізу мәселелері талқыланды. Ол заманда ел жаугершілікке үйреніп қалған, бәрі қарулы, оның үстіне заң билігі "ақтабан шұбырындыдан" кейін орныға қоймаған уақыт. Өзге елдің адамы түгілі, қазақтың езі де жолаушы жүргенде қауіп-қатерсіз болмайтын. Нияз батырдың көп сөйлескен тақырыбы сауда керуендерінің қауіпсіздігі, Түркістан, Ташкенттегі орыс саудасын қолдау "а теперь усердно желают, чтобы торги к ним в Туркистан (ибо он, Нияз батыр, житель Туркистанской) и в Ташкент бесприпятственно продолжались".

Сауда керуендерін тонауды тоқтату, оларға салық салмау мәселелері талқылағанда Нияз батырдың ұсынысы бойынша үш жүздің осы жиынға келген белгілі аталардың өкілдері шақырылып, олардың әрқайсысына өз елдерінің ішіндегі ұрыс-қарыны тыю жөнінде талаптар айтылды. Тіпті Алтайдың өзінен Олжагелді Қареке би ұлы, Екібай Бекайдаров, оның інісі Баба Бекайдаров, Өтеулі Құлмырзаұлы, оның қосшысы Үмбетай Бегенов т.б. шақырылды.

1741 жылғы Құба қалмақпен жасалған бітімнің кезінде де Нияз батыр белсенді қызмет атқарды. Әбілмәмбет Құба қалмақтың ханшасымен келісіп құда болды. Ол кезде Құба қалмақтың Дондук Омбо деген кан әліп, оның орнына уақытша бәйбішесі Дарма бала иелік жасап отыр еді.

Қарасақал мәселесіне байланысты 1740-43 жылғы келіссөздерге Нияз батыр түгел қатысты. 1742 жылғы Әбілқайырдың Орынбор комиссиясына жазған хатында да Нияз батыр аты аталады. Түркістан мен Ташкентте билік құрған Әбілмәмбет хан мен Барак, Жәңгір сұлтандарды, қала маңына иелік еткен Мырзағұл мырза мен Нияз батырды Ресейге қарсы күштерді ұйымдастырушылар дейді (44, 190 б.).

Қазақ шежіресінің Абылайды тұтқыннан босатып алып келген Нияз батыр деген дерегін ресейлік құжаттары да растайды. Орынбор генерал-губернаторы И. Неплюев 1742 жылы күзде патшаға жазған хабарында бірнеше мәселені көтерген: "Абульмамбет хан... по много имевшемся секретным советом с бывшими при нем эюнгарскими посланцами и с некоторыми киргизскими старшинами, а наипаче с Нияз батыром, Давлет баем, да Шамратом, которое и напередь сего лежащих около Ташкента городов дань обирывали, отправил ко одному эюнгарскому владельцу меныпого сына своего Абулфеиза с помянутым старшиною Нияз батыром, про которого ска-зывают, что он паче всех его ханским духом владеет...".

Ендеше екі жыл бойы қалмақ тұтқынында болған Абылай сұлтанның аман-есен еліне қайтқаны, Нияз батырдың еңбегі. Жоңғариямен осы жылы жасалған әскери-одақ екі елдің арасында біраз жылдар бойы тыныштықты ұстап отырды. Ресей мен Қытайға бағынбай тәуелсіз отырудың ең басты шарты екі ел арасындағы ынтымақ деп түсінген көшпелі екі ұлыс өз арасында ақ үйлі аманат алмасты. Қалдан Серенге Нияздың алып барғаны да осы татулықтың белгісі ретінде Әбілфеиз бастаған ақ үйлі аманат еді. Қалмақ енді бұдан былай қазақтың қонысына соқтықпауға уәде берді. Тәшкент пен Түркістанға, Сарыарқаға тыныштық орнады.

Нияз батыр туралы екінші әңгіме, жоғарыдағы келісімнен шығады. Көшіп бара жатқан қалмақтардан олжа алып қаламыз деп Нияз батырдың екі үлкен баласы Әлдеберлі мен Байназар әкесінің тілін алмай аттанады, - дейді шежіре. Нияз батыр мен антты бұзбаймын, бейбіт кетіп бара жатқан елдің берекесін алмаңдар дегеніне екі ұлы көнбепті. Содан қалмақтың көшіне барып тиген уақытта екеуі бірдей қолға түсіпті. Қалдан Серен оларды Нияз батырдың балалары болғандықтан, өлтірмей аман-есен қайтарыпты.

Нияз батырға байланысты ел жадындағы әңгіменің бірінде оның мемлекет шаруасымен қатар ағайынның да жағдайын ойлайтын қамқор азамат екені айтылды. Шамасы Абылай сұлтанды тұтқыннан босататын жолы болса керек, қалмаққа аттанып бара жатқан Ниязға қартайған ағасы Аралбай Өмірді тауып әкел деп етініш айтыпты. Барған шаруалары оңынан шешіліп, енді елге қайтамыз дегенде Нияз батыр нені ұмыттым, нені ұмыттым деп қасындағылардан сұрай беріпті. Сонда жанында батыр інісі Ақтайлақ бар екен. "Өмірді ұмыттың. Аралбай ағанның аманатын ұмыттың" - деп айғай салыпты. Сонда Нияз батыр қайтадан Қалдан Серенге жолығып қалмақ қолындағы тұтқындарды түгел қарап, арасынан Өмірді таптырып алып еліне алып қайтқан екен. Өмірді қалмақ деуге осы әңгіме себеп дейді.

Дегенмен Нияз батырға қатысты әңгіменің соңы Тәшкент пен Түркістанға байланысты. Біздің шамалауымызша Нияз ертерек атқа мінген ел таныған төрге шыққан адам.

Әдебиеттер:

Тоғжанов, Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т. Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.

Ісләмұлы І. Шежірелі өлке - Жаңаарқа: Таным// Азия Транзит.- Қарағанды, 2000.- N7 (қыркүйек).-9-17 б.

Байғозы Наймантайұлы (1705-1803)



Байғозы Наймантайұлының туып - өскен жері Арқаның Ортау, Қызылтау деп аталатын сілемді тауларының арасы. Батырдың шыққан тегі Орта жүздің ноқта ағасы тарақты руынан. Шежіре дерегі бойынша он екі ата тарақтының бір атасы Қыдыр болса, одан – Қаржау, одан – Есенгелді, одан – Сүтемген, одан – Наймантай батыр, одан – Байғозы батыр туған. Бағозының әжесі, яғни Наймантай батырдың шешесі Шолпан – Кіші жүздің жетіруын билеген тархан Есет батырдың (1667-1749) туған қарындасы. Ал, Байғозының туған нағашысы әйгілі Қанжығалы Бөгенбай батыр. Байғозының анасы Баяу – Қанжығалы Бөгенбай батырдың туған қарындасы.

Байғозы батырға топырақ бұйырған жер – Қарағанды облысының Жаңаарқа және Шет аудандарының жапсарындағы Жаман Сарысу өзенінің бойы. Ол кездің ел-жұрты негізінен көшпелі өмір салтта болған. Тарақтылар жаз айларында Шажағай, Атасу,

Сарысу, Есіл өзендерін бойлай көшіп, солтүстіктегі Көкше өңіріне дейінгі алапты жайласа, қысқа қарай Шу мен Сырдария өзендерінің бойын қыстап қайтып отырған. Байғозы батыр күздің жаңбырлы қара суығынада оңтүстікке қарай көшіп келе жатқанда дүние салса керек. Өлерінде төңірегіндегілер: “Япыр-ай, не қыстауда емес, не жайлауда емес – орта жолда ауырып қалдыңыз-ау!” дегенде, Байғозы батыр: “Маған қазақ жерінің жаттығы жоқ. Өлсем Жаман байдың жанына қойындар. Өзен Жаманның атында қалып, жердің аты маған бұйырар”, депті. Айтқанындай Сарысу өзенінің бір сағасы күні бүгінге дейін тарақты Жаман байдың атымен “Жаман Сарысу” деп аталса, Байғозы батырдың бейіті тұрған жер “Байғозы басы” деп аталады. Сол атаулармен картаға да түскен.

Байғозы алғаш әкесі Наймантайға еріп, жауға аттанғанда жасы он сегізде екен. Байғозы батырдың он сегізінде жауға аттанатыны 1723 жыл. Әйгілі “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның” басы. Сол жылы қыс қатты болып, қазақ даласы “ақ мешін” жұтына ұшырайды. “Жұт жеті ағайынды”, “Жығылған үстіне жұдырық” дегендей, жұттан тұралап шыққан елге жоңғардың 70 мыңдай әскері тұтқиылдан лап қояды.

Сол кезден бастап жау-жарағын иығынан түсірмеген Байғозы батыр қазақ пен қалмақ жасақтарының арасында болған Бұланты, Қарасире, Талқы, Қозымаңырақ, Қалба, Терісаққан, Аңырайқай, Хантау, Қызылтау, Ерейментау, Түркістан, Қарқаралы, Ыстықкөл шайқастарының бел ортасында болып, ерен ерліктер көрсеткен. Ол ерліктерінің небір ғажайып оқиғалары Ш.Уәлихановтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінде.

Ш.Уәлиханов еңбектерінде былай суреттейді.

“Торғауыттардың өкшелей қуған шабуылынан кейін қазақтар ашық далада дамыл алып жатса керек. Қазан көтеріліп, жылқының сүр еті асылып, торсықтағы құрт езіліп, ұзақты күнге әл болар таңғы тамақтың ішілер кезі екен. Керіп тастаған еңселі шатыр ішінде Абылай отырады. Келесі бір шатыр өзімшілділігімен жұртқа мәлім болған арғын Шақшақ Жәнібек батырдікі. Батыр насыбайын атып, ой үстінде үнсіз түнеріп отырыпты. Бір кезде қазақтың жас жігіті астындағы атын сау аяндатып, төніп келген бетінде:”Жәнібек батыр, шақшаңыздан ауыз тигізіңіз!” – деп, ат үстінен қол созады. Мұндайға лып ете қалатын Жәнібек пе, жан-ау деп мойын бұрып қарамайды да. Қарау былай тұрсын, жақтырмаған шырай танытып, түнерген қалпында шақсасын алады да, сары сақтиян етігіне тық-тық соғып, асықпай, бияздап, насыбайын атып, шақшаны қайтадан қалтасына салып қояды.

Кешікпей-ақ ханның дабылы қағылып, әр ру өздерінің белгі туларының астына жинала бастайды. Алдыға өңшең сауыт құрсанып, қарқаралы дуылға киген, садағы мен жебелі қорамсағы салпылдаған батырлар шығып, ханды қоршай тұрысады. Жорық жолында хан кеңесі осылай құрылатын. Бір пәтуағы келген келісім бойынша, дұшпанның күші қаншалықты басым болғанымен, қазір шабуылға аттанулары керек. Ол үшін алдын ала шолғыншы шығарып, торуылдап қайту үшін ебі бар жігіттер шақырылады. Осы кезде бірінші болып әлгінде Жәнібектен шақша сұрайтын жігіт шығады.

Жәнібек батыр олардан: “Жаудың қарасы қанша екен?” –деп сұрайды. Сонда әлгі шақша сұрайтын жігіт суырылып шығып:”Көпте емес, аз да емес”, -деп жауап береді.

Ұрыста тұрыс бола ма, шайқас басталып кетеді. Қалмақтар он мың болса керек. Қазақтарды жайпап, тықсырып, әрі-беріден соң өкшелей қуып береді. Әсіресе, қара түндей түнерген, қара ат мінген, қапсағай қалмақ туын желбірете қуып, қазақтардың жеткенін баудай түсіріп келеді дейді. Осынау аласапыран шегіністің жуан ортасында Жәнібек те келе жатса керек. Бір мезгілде: “Япыр-ау, мына дүлейді тоқтататын бір қазақтың тумағаны ма!”- деп, айқай салады. Сол баяғы шақша сұрайтын жігіт атының ауыздығын шірей тартқан қалпы жалт бұрылып, қайқайып тұра қалады да, садағын қолына алады. Керілген адырнадан зың етіп ұшқан жебе қалмақты қалбаң еткізіп, аттан жұлып түсіреді. Алапат тегеурінмен атылған оқ одан әрі бұландай ұшып, көзден ғайып

болады. Оғының қалмақтан өтіп, бұндай ұшқанын көрген жас батыр: “Мына дүлей құдайдың терісін жамылып алғаннан сау ма!” деп қынжылған екен.

Туы жығылып, батыры өлген дұшпанның есі шығып, еңсесі түседі. Қазақтар осы сәтті пайдаланып, бел ала ұрыс салып, қалмақтарды түре қуып, дұшпаннан күшін асырған екен. Сонда қара атты қалмақты түсірген Байғозы батыр деп аталатын жас жігіт Жәнібек батырға жанасып келіп: “Батыр, шақшаңыздан ауыз тиетін кез енді келді-ау деймін”, -депті.

Тарақты руынан шыққан Байғозы батыр алғаш рет осындай ерлігімен көзге түседі. Содан бастап оның есімі дүйім жұртқа әйгілі болған екен.

Байғозы батыр – қазақ халқының елдігі мен еркіндігін қорғау жолында жоңғар шапқыншылығына қарсы жүргізілген соғыстарда ерен еңбектер жасап, иісі қазаққа даңқы жайылған батырларының бірі. Қан майданда талай-талай сыннан өткен Байғозы батыр Абылайханның ту ұстаушы батырларының бірі болған.

Әдебиеттер:

Айтұлы Н. Ерлікке тағзым: Байғозы батырдың туғанына - 300 жыл// Орт.Қазақстан.- 2005.- 21 шілде.- 11 б.

Арынұлы С. Тарақты Байғозы батыр// Жас Алаш.- 2001.- 28 тамыз.-4 б.

Әбілдинов Қ. "Тарақтыда - Байғозы, бұ да асқан ер еді": тойдан тәбәрік// Орт.Қазақстан.- 2005.- 18 тамыз.- 9 б.

Жұмаділдин А. Жаңаарқа: Дерекнама .-Алматы: Кенже-Пресс-Медиа, 2003.- 521 бет.

Жүсіп Н. Елдік пен ерлік жолында ерлердің ісі бітпейді: [Байғозы батырдың мерейтойы]// Егемен Қазақстан.- 2005.- 18 тамыз.-1-2 б.

Кәдір-Төлек С. Тарақтыдан Байғозы, жауды жеңіп алға озды //Азия транзит.- Қарағанды, 2005.-№9.-4-5 б.

Кекілбайұлы Ә. Қазақ тарихының қақ төрінен орын алатын тұлға: [тарақты Байғозы батырдың 300 жылдық тойы]// Егемен Қазақстан.- 2005.- 18 тамыз.-3 б.

Рақымов Б. Аңыз бен ақиқат: Байғозы батырдың туғанына - 300 жыл// Орт.Қазақстан.- 2005.- 11 тамыз.- 8 б.

Сейдімбек А. Байғозы батырға құрмет// Орт.Қазақстан.- 2001.- 23 мамыр

Сейдімбек А. Байғозы батыр// Егемен Қазақстан.-2005.- 22 шілде.-3 б.

Тарақты Байғозы батыр// Азат.- 2003.- 21 мамыр.-6 б.

Тобаяков Б. Байғозы батыр// Орт.Қазақстан.- 2005.- 18 тамыз.- 9 б.

Тоғжанов Е.Л. Атамекен: Оқу құрал / Е.Л.Тоғжанов, Т.Т. Аршабеков.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002.- 324 бет.

Сеңкібай Оразғұлұлы (1709-1786)



Сеңкібай батыр 1709 жылы қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туып, 1786 жылы Шет ауданының Қызылту жайлауында сексеннен асқан жасында қайтыс болған. Руы- қарашор.

Қалың ел Арғын тайпасының XVII және XVIII ғасырларда «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұламаға» дейін Сыр бойында көшіп –қонып жүргені тарихи ақиқат. Сол Арғыннан тараған Қаракесек руына жататын Қожас батыр Әнет бабаның адалдығы, әділеттілігі үшін жақсы көретін өте бір сыйласымды замандасы болған. Осы тұстағы құба қалмақ шабуылы кезінде Қожас елін қорғауда ерен ерліктер көрсетіп, ерекше көзге түседі. Оның жаудан тайсалмас батылдығына, қайсарлығына риза болған Тобықты руының әрі иісі қазақ халқының

қадірменді биі, ақылгөй Әнет баба өзінің кіші қызы Тоқта сұлуды Қожас батырға қосады.

Қожастың сол Тоқта сұлу әйелінен Құлбас, Бектас есімді перзенттер дүниеге келеді. Бектас та жасынан өжет болып, ел намысын қорғауға ат салысады. Халық арасында Жақсы қара атанған Қожас батырдың ұрпағы Бектастан: Мойнақ, Бөргөз, Оразғұл есіді балалар туған. Мойнақ жасынан ел арасындағы даушарларды шешуге араласып, би атанады. Ал Бөргөз жас күннен қару ұстап, қалмақтарға қарсы талай рет шайқастарға қатысады.

Қара шаңырақ иесі Оразғұл ел ішінде адамгершілігі, қайырымдылығы мол, парасатты дәулет иесі болған. Оразғұлды халық қадірлеп Ожаң деп атап кеткен, Қазіргі ұрпағы да Ожан, балалары делінеді. Ол — ұзақ жасаған адам; Оразғұл жасы ұлғайып қалған кезде үйленген үшінші әйелі—қарақалпақ қызы. Оның бәйбішесінен — Сеңкібай, Ақкісі, Желтау, Найза, Ақжол, Балта, Қылыш, Жолдыбай есімді сегіз ұл туған. Солардың ең үлкені, төл басы—Сенкібай. Екінші әйелі Сырымбикеден— Шой, Койсары, Тайсары, үшінші әйелінен—Сасықбай, Далбату деп аталатын Қара ұрпақтары тарайды. Ал көп ұлдың бірі Тайсары болса ел арасында Атам аулы атанған. Өйткені, Оразғұл осы Тайсарының қолында қайтыс болған. Ол қазіргі Қарқаралы ауданының, «Бейбітшілік» совхозының, жеріндегі «Оразғұл басы» деп аталатын кең, өлкеде тас бейітке жерленген. Ел аузындағы аңызға қарағанда мұнда оның мәті аманат ретінде қойылған. Ожанның мүрдесі Түркістандағы Қожа Ахмет Иассуидің мазарына жеткізілуі тиіс болған. Бірақ, сол тұста жонғарлардың үсті-үстіне жасаған шақпыншылығы салдарынан елбасына туған аума-төкпе ауыр заман сол өсиетті жүзеге асыруға мүмкіндік бермеген...

1726 жылы Бөгенбай батыр 10 мың қолмен Алакөл шайқасына бара жатқанда жолшыбай Қарқаралының Жарлы өзенінің бойына тоқтап, әскерін демалдырып, жүздіктерге, мыңдықтарға, бөліп, әртүрлі ұрыс тәсілдерінен жаттығулар жасатады. Ол сол маңда «Қожас батырдың ауылы жайлап отыр» дегенді естіп, әкесінің жақын досына сәлем берейін және одан бата алайын деп арнайы іздеп барады. Бұл тұста Қожас сек-сеннен асса да әлі тың, ширақ екен. Атағы жер жарған арыстандай айбарлы Бөгенбай батырдың әдейі сәлем бергелі келгеніне көңілі таси риза болып, оны үлкен қошаметпен қарсы алады. Қожас дәулеті мол баласы Оразғұлға бірнеше арнайы үй тіктіріп, Бөгенбай батырға ерекше сый көрсетеді. Әсіресе Ожанның үлкен баласы Сеңкібай қонақты күтуде асқан ілтипат жасайды. Бөгенбай жас Сенкібайдың көрсет-кен құрметіне шексіз риза болады.

Қожас осы жолы Бөгенбай батырға шөбересі Сеңкібайдан зор үміт күтетінін айтады. Сеңкібай қарт атасы Қожас батырдың тәрбиесінде болып, жас күжнен садақ тартып, найза сілтеуді, жекпе-жекке шығуды машықтанады. Ат құлағында ойнап өседі. Ержүрек, орақ тілді ол тіпті он бес жасында ауыл арасындағы, ағайын ішіндегі реніш пен қуаныштарға ортақ болып, даулы мәселелерге өз пікірін білдіре бастаған екен. Сеңкібайдың әділдігі, ақыл парасатының тұлғаланып келе жатқандығы ерте сезіледі. Бөгенбай батыр жорыққа аттанарда:—Қаракесекте қара көп қой, Қожас батырдың, ұрпағы бүдан былай «Жақсы қара» деп аталсын деген бата береді. Бұл кезде ел билігіне етене араласып жүрген Мойнақ би Бөгенбайға оң сапар тілей отырып: - Осы жорыққа Сеңкібай да сіздің қасыңызға еріп, әскерлеріңізбен бірге аттансам екен деп тіленіп отыр. Қасыңызға ертіп, қолтығыңызға алуды өтінеміз, - дейді.

Бөгенбай батыр Сеңкібайдың тұр-тұлғасына, жүріс-тұрысына, сабырлы да салиқалылығына, батыл қимыл әрекетіне оны көргеннен бері көңілі әбден толғанын жасырмай, «Жарайды, өз жанымда болсын» деп келісім береді. Бұл кезде Бөгенбай батыр 45 жаста болса, Сеңкібай 17 жасқа жаңа толған екен.

Ол бір жойқын бәсеңдемеген, шапқыншылық толастамаған кез еді. 1723 жылғы жонғарлар соқысынан кейін есін жия сала қазақ батырлары қайтадан атқа қонып, қолына найза алуына тура келді. Өйткені, жау жан түршігерлік айуандық әрекеттерді одан әрі

өршіте түскен болатын. Жоңғарлар қолға түскен еркектердің басын кесіп, әйелдерді шашынан матап, малша қосақтап айдап әкетумен болады.

1728 жылы Сарыарқаға еніп кеткен жоңғарларға қазақ қолы бірнеше соққылар беріп, олардың бетін қайтарады.

Нұра даласында жоңғарларға қарсы бір соғыста 20 жасар Сеңкібай Қонтажының немересі Әмірсананың басқаруындағы 10 мыңдықтың қолбасшысы Ноян Қоренге қарсы жекпе-жекке шығады. Жас батыр Сеңкібай астындағы Көкдауыл тұлпарын ойнақтатып, майдан даласына қасқая, бет түзейді. Ноян Қорен онымен жас шамасы қатарлас, бірақ ірі денелі, қара нардай жуан, білектей ұзын айдарлы, қабығынан қар жауған сұсты екен. Ол: «Ал, қазақ батыры, арманда кетерсің, алғашқы кезекті саған бердім» деп айғай салады. Көкдауылын ояқтап шауып, етің қызд-ау деген шақта сол қолында найзасын, оң қолында Қожас атасының жеті бүктемелі ақ семсерін ұстаған Сеңкібай құйындай ызғытып, жауға қарай ұмтылады. Қалмақ батыры аса қауіпсіз емес, оны менсініңкіремей жайбырақаттау тұрады.

Сеңкібай атын жұлдыздай ағызған бетінде сол қолындағы емен сапты найзаны Ноян Қоренге шаншуға ұмсына беріп, ақ семсермен жаудың мойын тұсынан сілтеп үлгереді. Тегеуірінді күшпен сілтенген ақ семсер жау батырының дөңбектей басын шауып өтіп, оның басы жерге домалап түседі. Қан шапшыған ауыр дене ат үстінен гүрс қулайды. Жеңіске жігерленген қазақ қолы «Ақжолдап!» ұрандап, жауға қарсы өршелене көтеріледі.

Бөгенбай, Малайсары, Олжабай батырлар Әмірсана әскерінің тас-талқанын шығарып, оңтүстік шығысқа қарай ығыстыра қуады. Осы шайқастан кейін Сеңкібайдың есімі елге кеңінен тарай бастайды...

Әдебиеттер:

Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы.- Қарағанды: ҚарМУ, 1998.- 275 бет.

Қашқынов Ж. Абылайдың жауға шапқан қос батыры // Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.- N11.-21-24 б.

Қашқынов Ж. Сеңкібай мен Жидебай баһадүрлер //Орт.Қазақстан.-1994.- 8 қазан.

Мәкенбайұлы Қ. Сеңкібай батыр Оразғұлұлы ел қорғаны болған //Қарқаралы.- 1992.- N7-8.- 2-11 б.

Мәкенбайұлы Қ. Сеңкібай батыр //Мысты өңір.-Жезқазған, 2006.-20 қаңтар.-8 б.

Омарбекұлы М. Даңқты бабаға ескерткіш-белгі қойылды: мәдени мұра// Орт.Қазақстан.- 2005.- 15 қазан.-14 б.

Омарбекұлы М. Қарқаралыда даңқты бабаға ескерткіш-белгі қойылды// Қарқаралы.- 2005.- 8 қазан.-3 б.

Төрөкүл Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2001, - 592 бет.

Жидебай Қожаназарұлы (1713-1812)



Әруақты батыр әрі би, әрі шешен. Өлтеке Дос батырдың немересі. Абылайханның беделді де белді батыры болып, арнайы жасағын басқарған. Айсыз қараңғы түнде де барар жерін дәл табатын жершілдік ерекше қасиеті болған.

XVIII ғасырда өмір сүрген Жидебай батыр Қожаназарұлы Абылайханның атақты әскербасыларының бірі болған. Екі жасында шешесінен, жеті жасында әкесінен айырылып жетімдіктің тауқыметін тартады. Тоқал шешесі Анардың қолында болып сан алуан ауыртпалықтарды басынан кешіреді. Анар шешеміз бойы аласа шағын денелі адам екен. Киіз үйді тігіп,

уықтың бауын байлар кезде жеті жастағы Жидебайдың иығына шығып алады екен. Осыны көрген ел-жұрт: “Шырағым-ай, көзің бір ашылмады ғой! Шешең тірі болғанда мұндайды көрмес едің-ау! – деп айтқанда Жидекең: “Бұл қылып жүргені маған қастық емес, достық, пісіп-қатып, жетілсін дегені ғой,” – деп жауап береді екен. Міне, осылайша ер жеткен Жидебайға батасын беріп, бауырына тартқан, әскери өнерді үйреткен Қаракерей Қабанбай батыр. Жас батыр Бұланты, Өлеңті өзендерінің аралығында болған, кейін “қалмақ қырғын” аталып кеткен шайқаста ханның да, халықтың да көзіне түседі. Сөйтіп, арнайы сарбаздардан жинақталған қосынға мыңбасы болып тағайындалады. Абылайханның “Жеті жарғыш” деп аталатын кенесшілер тобына Жидекең де енеді. Оған оның батыр ғана емес, өткір тілді шешен болуы, тереңнен толғап айтуы бірден-бір себеп болған. Жидекеңнің сөз шебері болғандығы жайлы ел ішінде де талай-талай қызықты әңгімелер баршылық. Сеңкібаймен, Тобықты Қаремінде бимен дос-жар болған. Жасы жүзден асып барып көз жұмған. Оған өзінің айтқан сөзі дәлел бола алады.

Абылайхан бірнеше рет қол жинап, мықты деген батырларын басшы етіп, Қаратау бойындағы Қарақожа халқына талай мәрте шабуыл жасайды. Бірақ ала алмайды. Бірде Абылай Жидебайды Қарақожа еліне жорыққа аттандырады. Ертеректе Балқаш көлінің Ұзынарал тұсындағы су астына төселген тас өткелмен Ібір-Сібірге апаратын Ұлы Жібек жолының бір тармағы өтіпті. Талай жылдар ұмытылған өткелді Жидебай батыр біліпті. Сол өткел арқылы сарбаздармен теңізді кешіп өтіп арғы беттегі Қарақожа елін бағындырып қайтады.

Сонда Қарақожа: -Бұл жолды көзің шыққыр Жидебай ғана білсе керекті, -деп өз өкінішін білдіріпті.

Кейін жасы тоқсаннан асқанда Жидебайдың қос көзі көрмей қалады. Көңілін сұрай келгендерге:

Жасымның жүзге жеткені

Алты Алаштың алғысы

Қос жанардың кеткені

Қарақожаның қарғысы, -дейді екен.

Бірде Әлмұрат байдың үйіне Қаракерей Қабанбай батыр келіп қонақ болады. Сол түнде Жидекеңнің түсіне бабасы Дос кіріп аян береді: “Шырығым балам, алашқа аты шыққан Қабанбай батыр келіп жатыр, барып батасын ал! – дейді. Ертеңіне батыр отырған үйге Жидебай сәлем беріп кіріп келіп: “Ассалаумағалейкум, Ата! Маған керек бата”, -деп қолын жайып, бір тізесін бүккен күйінде отыра қалады. Сонда Қабанбай: “Дос батыр түсімде айтып еді, берейін батамды:

Сөзіңді келісті шешен боламын десең

Тіліңді шыңдағын!

Көпті билеп көсем боламын десең

Білімді шыңдағын!

Әнші, ақын, сері боламын десең

Жыр мен күйді жайлағын!

Елдің орған ері боламын десең

Қару-жарағыңды сайлағын!

Төрт алмажайым бар еді

Біреуін саған байладым, ал балам!”

- деп батасын беріпті. Сол айтқан төрт алмажайының бірі- қызыл түлкі екен. Сонан бастап Жидекең аруақ қоныпты.

Жидекең айтыпты деген сөздер де ел ішінде кездесіп отырады. Мұндай әңгімелердің бойынан батырдың сөзге шебер, өткір тілді, терең ойлы, ақылды, парасатты адам болғандығын байқаймыз.

Үлкен шапқыншылықта Абылайханның әскерлері жеңіске жетеді. Жеңіс құрметіне той жасап, сол тойда Абылайхан өз әскерінің күшін мақтан тұтып сөз сөйлейді. Кезек батырларға келгенде олар да хан сөзін мақұдап, бас изеседі. Сонда Жидебай: “Уа, хан аяғың алшақ, садағың тұқыл екен – қамаған жауыңнан сақтан”, деген екен.

Абылайхан Жидебайды батырлығы, шешендігі үшін ғана қадірлемеген, оның тапқырлығын, қысталаң шақта жол табатындығын, соғыс тәсілін жетік білетіндігін қастерлеген.

Көбінесе, Абылай Жидебайды бес мыңдай қолмен қосымша күш есебінде ұстаған. Өте қиын, алынбайды- ау деген қамалға, берілмейді деген бекініске, мықты-мықты деген жау күшіне жұмсаған. Ел арасындағы әңгімеге қарағанда Ордадағы жиындарда хан Жидебайдың сөзіне ерекше мән беріп отырған. Және Жидебай да шындықты бүкпей, ханнан қаймықпай бетке айтқан.

Бірде Абылайхан “Жеті жарғы” заңын жүзеге асырып отыратын, жеті адамнан тұратын “Жеті жарғыш” ұйымын сайлайды. Солардың ішінде Жидекең де болады. Тағайындалғандардан хан: “Түрлі-түрлі жау көп, солар жайлы не айтар едіңдер?” – деп сұрайды. Сонда Жидекең: “Жау екі түрлі болады: көрініп келетін хауіпсіз жау бар, жекпе-жекке шығасың, күшің асса жығасың, ол өзіндей адам, несіне бұғасың: көрінбей келетін хауіпті жау бар, сенен де сақ, ұтып алар амалын тап, ақылдан түспе, ойланып істе, сақтанбасаң солардан, кетеріне мен кепіл, басында тұрған бақ” деген екен.

Жоңғар басқыншылығы кезінде елін-жерін жаудан қорғаушылардың көшін бастаған ұлы бабаның мазары Ақсу-Аюлы-Жарық бағытындағы асфальт жолдың бойында Шет селолық округінің Тұмсық елді мекенінен алты шақырым жерде Нұра өзенінің жағасында бой көтерген.

Әдебиеттер:

Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері.- Алматы: Қазақ ССР-нің “Ғылым” баспасы, 1984.- 136 б.

Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы.- Қарағанды: ҚарМУ, 1998.- 275 бет.

Әбдуов М. Ер - елдің қорғаны: Жидебай Қожаназарұлы туғанына 290 жыл// Орт.Қазақстан.- 2005.- 27 қаңтар.-8 б.

Әбдуов М. Жидебай батыр //Білім және еңбек.- 1986.- №9.- 27-28 б.

Жәңгірұлы Ә. Әулие бабам Жидекем //Балқаш өңірі.- 2001.- 22 мамыр

Жұмабеков Ж. Қазақ аңыздарындағы тылсым құбылыстар// Орт.Қазақстан.- 2005.- 12 қараша.-14 б.

Жүністеги К. Құба белдер.-Қарағанды: ОПО «Полиграфия», 1996.-286 б.

Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. /Араптың хадим жазуынан бүгінгі жаңа әліпбиге түсіріп әзірлеген-С.Дәулет ұлы.-Алматы: Жалын, 1993.- 76 б.

Қашқынов Ж. Абылайдың жауға шапқан қос батыры // Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.- №11.-21-24 б.

Қашқынов Ж. Сеңкібай мен Жидебай баһадүрлер //Орт.Қазақстан.-1994.- 8 қазан.т

Қашқынов Ж. Тоқырауын топжарғандары: мұра//Орт.Қазақстан.- 2005.- 24 наурыз.-10 б.

Мұсатайұлы Б. Жидебай батыр //Балқаш өңірі.- 2001.- 18 шілде

Нұрбеков Х. Баба аруағына адалдық: Тағзым // Орт.Қазақстан.- 2004.- 24 ақпан.-9 б.

Сматаев С. Елімай.- Алматы, 1980.- 295 б.

Шет өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері: фотошежіре /Ред.Ж.С.Ақылбаев; мәтін авт.,құраст. М.С.Жакин.- Қарағанды: ҚарМУ- «ТАИС» ЖШС баспасы, 2004.- 152 б.

Көкбөрі Керней Жарылғап батыр (1718-1769 ж.)



Елі мен жерін жаудан қорғаған белді батырлардың бірі, әрі бірегейі Жарылғап көпке көсемдігімен танылған Керней-Түйтенің баласы. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсер болсақ, батырдың есімі Қанжығалы Бөгенбаймен өкшелес шыққан. Белгілі зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Жарылғап –батыр Жарылғап атанған, қаракесекте ірі, дөкей болған. Қанжығалы Бөгенбаймен замандас болған. Бөгенбай батырдың кенже қызы Борсылдақты тұңғышы Қырбасқа алып Берген», -дейді. Бөгенбай батыр 1680-1760 жылдардың аралығында өмір сүрген. Олай болса, Жарылғап батырды XVII ғасырдың екінші жартысында қайтыс болған деп жобалауға болады. Жарылғап батыр Абылай ханның белді қолбасшыларының бірі болған, Бөгенбай, Олжабай, Байғозы батырлармен тығыз аралас өмір сүрген.

Байғозы бабамызға Жарылғап батыр жиен екен. Байғозы бабамыздың бір әйелі Жарылғаптың нағашы апасы болса керек. Байғозы жауға жауға тигенде үндемей тұтқиылдан килігеді екен, Жарылғап аюша ақырып, айдардан от шашырап, жыланның құйрығындай жауға үрей сап, құбыжық болып көрінеді екен. Сүңгіше қадалған көзінен жанып және жаудың үрейін алады дейді. Кейбір дерекке жүгінсек, Жарылғап батыр Байғозы батырдан кіші. Бір деректе былай делінеді: Жарылғап батыр Байғозының ауылына бара қалса, 7 жерден жер ошақ қаздырып, Байғозы батыр құрт қайнатып жатыр екен дейді. – Уа, байеке, жер ошақ күзетіп жүргеніне жол болсын? Ауылынан шөміш ұстайтын қатын шықпады ма?- депті.

Сонда Байғозы: -Сен екуімізге қатын-қалаш қайнатқан құрт ас болушы ма еді,- депті. Сонда Жарылғап: -Қыр астында қысық көз жау жақанда алтын малта ас болған күндерді ұмытып маған не көрініпті. Қоржындас болармын,- деген екен.

Хантауында мекендеген Усан Серен деген қалмақ Қонтайшысының шапқыншылары арқадағы қазақ ауылдарының адамдарын байлап, малдарын айдап, әкетіп маза бермепті. Сосын Байғозы мен Керней Жарылғап батырлар Көкшетаудағы Абылайға барып жағдайды айтыпты. «Усан Сереннің бергі жағында әскер жатыр. Оған тису үлкен соғысқа ұласады. Одан гөрі шағын қолмен Қонтайшысының ордасын қамап алайық. Соған қолды дұшпанның көзінге түсірмей Бетбақ шөл арқылы кім бастап барады?» дейді Абылай хан.

-Көзге түсірмей мен бастап барамын,- дейді Байғозы батыр. –Шөлдетпей мен бастап барамын,- дейді Жарылғап.

Абылай хан 500 кісілік қолмен Арқадан аттап өтті. Әскері бірінің артынан бірі шұбырып, түнде жүріп, күндіз жатады. Жарылғап батыр әскердің алдында барлаушы, Байғозы батыр әскердің артында бақылаушы болып, қолды Хантауында бейқам отырған қалмақ ордасының үстіне түсіріпті. Абылай Қонтайшының үрейін ұшырып, қан төкпей айдап әкеткен адамдарын, малдарын қайырып, айыбына қызын алып, бұдан былай бір-біріне тиіспеуге бітім жасап қайтады.

Байғозы батырдың жасы ұлғайған кезінде қалмақпен тағы бір қырғын соғыс болады. Қазіргі Мыңбаев атындағы кеңшарда «Сасық Жартас» деп аталатын алаңқайда қалмақтар мен қазақ жасақтарының бетпе-бет келген қырғын ұрысы болғаны ел аузында сақталған аңыздардан белгілі. Бейқам ауылды басынып, қалмақтар еркінсіп, ішке ене бастайды. Бірақ Байғозы абдырмай қолайлы сәтті күтіп жасағын тау ішіне жасырып, Жарылғапқа хабар жібереді. Тоқа Күшікбай батыр науқастығы салдарынан бұл ұрысқа қатыса алмаған. Қашан да томағалы бүркіттей сергек Жақаң жасағын бастап, уақытында жетеді.

-Батыр, қартайғанда еліңді жауға шаптыртып, жайбарақат отырғаның қалай? – дейді Жақаң.

-Сәт аусын, Жарылғабым. Қартайғанда саған бір кереметімді көрсеткелі отырмын, -дейді Байғозы.

Сөйткенше болмай маңайды қара тұман басып, дүниені көрсетпей жібереді. Сол-ақ екен, Жақаң айқайды басып, жауға тиіп кеп береді. Шайқас сәтті аяқталып, қалмақ жасағы ойсырай жеңіледі. Шажағай бойындағы сол қырғын болған жер күні бүгінге дейін «Сасық Жартас» деп аталады.

Жақаң дүниеден озған кезде тұрғылас ағасы Байғозы батыр: «Жау айбарыңнан ығушы еді. Айбарлы арыстаным-ай!»- деп жылаған екен.

Қаракесек Көкбөрі Керней Жарылғап батыр жоңғарларға қарсы көзге түсіп? Қолбасына дейін жеткен санаулы батырларымыздың бірегейі. Егеулі найза қолға алып? Жауға қарсы шапқанда батыр небәрі 18 жаста екен. Өзінің көзсіз ерлігінің арқасында Қаракесектің ғана емес, қазақтың Жарылғабы атанған.

Батыр жөнінде Мәшһүр-Жүсіп Көпей мол дерек қалдырды. Сондай-ақ Сапарғали Бегалин, Жүсіп Алтайбаев, Софы Сматай, Алдан Смайылов тағы басқа қаламгерлер шығармаларынан да батырға қатысты деректерді ұшыратуға болады.

Әдебиеттер:

Бағаев М. Қазақтың Жарылғабы: Көкбөрі Жарылғап батырдың 285 жылдығы қарсаңында // Орт.Қазақстан.- 2002.- 24 сәуір

Кәріпұлы Ө. Халқының камал-қорғаны: Көкбөрі Жарылғап батырдың 285 жылдығы қарсаңында// Орт.Қазақстан.- 2002.-30 наурыз

Қашқынов Ж. Баһадүрдің сом тұлғасы //Орт.Қазақстан.- 2002.- 6 қараша.-11 б.

Қозыбаев М. Ұлт намысы үшін// Қазақ әдебиеті.- 2000.- 3 наурыз (№9).-6 б.

Майбас Т. Жәнібек би: мұра// Орт.Қазақстан.- 2005.- 13 қаңтар.-13 б.

Оразов С. Аманат: Жыр дәптерінен// Орт.Қазақстан.- 2002.-9 ақпан

Сматаев С. Елім-ай: Роман-трилогия. Т.2 - Астана: Фолиант, 2003.- 424 б.

Сматай С. Жарылғап батыр: Өлеңмен жазылған роман.- Алматы: АБА "Айкос", 2000.- 283 бет.

Таймас Бектасұлы (1795-1870)

Қареке руынан шыққан Таймас батыр XVIII ғасырдың тоқсаныншы жылдарында (кейбір деректерге қарағанда 1795 жылы) дүниеге келіп, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін өмір сүрген. Қарекелер ешқайда қоныс аудармаған. Осы Сарыарқадағы Нұра, Соқыр өзендері бойындағы Сұлу Мәдина, Жартас, Қарамұрын, Топар, Қарабас, Шахан, Қаражар аумағында өсі-өніп, өмір сүрген.

Қарекеден Тоқбура, Ақбура, Байбура өмірге келген. Солардың ішінде Тоқбура батыр болыпты. Қалмақтармен ұрыста талай рет ерлік көрсетіп, аты шыққан. Ақыры сол кездегі қиян-кескі соғыстардың бірінде елі үшін жанын пида етіп, ерлікпен қаза тапқан. Тоқбура батырдан тоғыз ұл тараған. Олардың есімдері: Әлгөшек, Сейіт, Қазы, Сәкі, Есен, Батықой, Өтен, Құлан, Тілеке. Тоқбураның тоғыз ұлының ішінде ерекше батырлығымен көзге түскен Әлгөшек көрінеді. Ол талай жауына қырғидай тиіп, өмірінің ақырына дейін ат үстінде жүріпті.

Ел аузындағы әңгімеде Әлгөшек елуге келгенше балалы болмапты. Артымда ұрпақ жоқ болғасын жинағаным «тістегеннің аузында, ұұстағанның қолында» кететін болды ғой, деп уайымдайды екен. Сөйтіп жүргенде бір күні түс көреді. Түсінде бабалары аян беріпті. «Балам, неге ұйықтап жатырсың? Тұр, оян. Бәлен деген жерде бір қолында қос бармағы бар кедейдің қызы бар. Сол қызға үйлен. Сол қосбармақ қыздан ұрпақ тарайды» - депті. Түсін ешкімге айтпай өзі барып, қосбармақ қыздың үйіне құда түсіп, соған үйленеді. Содан Әлгөшек: «бұл қызды ауылдан басқа жерге киіз үй тігілсін, сол үйге орналастырындар», - деп жарлық береді. Сонда қосбармақ қыз:

«Мырза, мені бәйбішенің қолына түсіріңіз, егер олай етпесеңіз мен сізге бармаймын және риза болмаймын», - деген екен. Әлгөшек оның айтқан тілегін орындап, бәйбішесінің қолына әкеп түсіріпті. Қыз келе жатқанда Әлгөшектің кісесін сұрап алып, есіктен аттай бергенде кісені мойнына салып: «Құдайым, бала берсең екеуімізге бірдей бер», - деп тілеген екен. Содан бәйбішеден - Қошыбай (Көшібай) мен Кішік (Кетік), тоқалдан - Бектас, Меңдібай, Шілікбай (Шылық-бай), Қошан, Баймырза туады.

Көнекөз қариялар Әлгөшектің баласы Бектас жайлы аса бір ілтипатпен айтып отырады. Бектастың 13-14 жасқа келген кезі болса керек, әкесі Әлгөшек оны аң аулауға бірге ала шығады екен. Сонда Шерубай батыр балаға тек қана аң аулатып қоймай, қаруды қалай пайдалануды және кімге қарсы пайдалануды үйрет депті, Бұл айтқанын екі етпей орындаса керек. Бірде аң аулап жүріп, Қарабас тауын аралап келе жатқанда Алтыба-сардың тұсынан қалмақтың бес-алты әскерін көреді. Осы кезде әкесі Бектасқа анау тұрған жау, қолында туы бар, сол туды садақпен бір тартып түсірсең, олар қашады дейді. Түсіре алмасаң бізге қарсы шабады. Осы кезде бала ойланбастан қорамсақтан бір оқ алып тартып жібереді. Оқ дәл тиіп, ту жерге құлайды. Аңдаусыз тұрған қалмақтар тұра қашады. Бала тұра қуады. «Қап, мені қара басты» - деп әкесі баланың соңынан шабады. Содан бұл тау Қарабас атанған екен. Қалмақтар қазіргі Қарамұрын тауына келгенде баланың жалғыз екенін біліп, қарсы тұрып күтіп алады. Айқас басталады. Бала екеуін аттан түсіреді де, өзі де ауыр жарақаттанып, ат үстінде кейін шегінеді.

Артынан келе жатқан еңгезердей Әлгөшекті көрген жау сескеніп, өзеннен әрі өтіп кетеді. Келсе Бектас қанға боялыпты, шоқпар бетіне тиген екен. «Баламды аң аулатып, аузын майға толтырам деп жүргенде, мынау жау қара мұрын етіп кетіпті-ау» - деген екен. Содан бұл тау Қарамұрын атанып кетіпті.

Бектастан төрт ұл туған: Матақбай, Үсенбай (Сембай), Мыржықбай, Таймас. Бізге жеткен хикая бойынша, Таймас батырдың атына байланысты оқиғалар екі ғасырға жуық уақыттан бері аңыз болып айтылып келе жатыр. Мысалы, Таймастың жас кезінде нағашысына жиендік жасағаны жайлы әңгімені ақсақалдар осы күнге дейін айтады.

Нағашысында тұлпар бар екенін әкесі Бектастан естіп, сырттай соған беріле қызығып жүрген Таймас он екі, он үш жасқа толған шағында сол атты қалап алып, тақымына басуды мақсат етіп сапар шегеді. Нағашысының бар сый-сияпатын көріп болып, енді ауылына қайтпаққа жиналған Таймасқа үй иесі:

- Ал, жиен, сенің келгенің бірінші рет қой, мен саған тай мінгізейін, - дейді. Жылқыға әкелген соң, бала нағашы атасына: «Ата, анау кетіп бара жатқан атты ұстап беріңізші, одан басқаңыз маған керек емес», - деп өтінеді. Жиенінен мұндайды күтпеген нағашысы оның бетін бірден қайтарып тастамақ болып, іле-шала:

- Қой, шырағым, бұл - өзіндей жасқа мүлде лайық емес, тек батырлар үшін ғана жаратылған тұлпар. Басқаны қала, - дейді.

Жалын атқан намысшыл жас батыр нағашысының өзін кемсіткенін көріп қатты ашуланып, бұрылып кетпекші болады. Қимағандықтан және сынау үшін нағашы атасы жиеніне: «Жарайды, балам, өзің ұстап ала ғой», - деген екен.

Жиені жылқының ішіне барып, жүгіріп, тұлпардың құйрығынан шап беріп ұстағанда, ат төрт аяқтап тұрып қалған екен.

Нағашы атасы жиенінің күшіне таңғалып, тұлпарды өзі жүгендеп жатып: «Балам, менің саған айтар тілегім бар», - депті. Ол тілегі мынау екен: «Мықтымын деп топқа түспе, шешенмін деп айтысқа түспе».

Таймас Бектасұлының іс-әрекеттері Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ даласындағы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз байланысты болды.

Халық әңгімесінде көрнекті батырдың бірі- Арғынның Қареке руынан шыққан Таймас батыр Бектасұлы. Ол өз заманында ел бостандығы үшін өлшеушіз үлес қосқан қолбасы. Бұл туралы көрнекті тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов өзінің еңбегінде былай жазады: «Баянауыл округтік приказындағы Төрткүл болысының көтеріліске шыққан қазақтарын Таймас Бектасов басқарды. Кейінен Кенесарының жанында елеулі рөл атқарады және оның әскери мәселелер бойынша ең жақын кеңесшілерінің бірі болды.

Таймас Бектасовты Кенесары қатты сыйлап, жақсы көреді. Сол уақыттағы ресми үкімет құжаттарында Таймас Бектасов туралы былай делінген: «Ол Кенесарыдан бір елі қалмайтын және орыс отрядтарына шабуыл жасаған сайын, істің басы-қасында болып, орыстарға қалай қарсы тұру керек екенін айтып, Кенесарыға көбінесе жөн-жоба көрсетіп отырды, сонысы үшін Кенесары оны жақсы көретін және онымен бір табақтағы тамақты бөліп жейтін» // Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында (Оқу құралы). –Алматы: «Санат», 1994, 233-ші бет/.

Тарихи деректерден білетініміз, Кенесарының қолға түсуінің негізгі себебі; «Соғыста жаудан қашқан хан, хан бола алмайды. Сайдан шыққанымыз – майданнан шыққанымыз, қашқанымыз. Қашсам мен хан емеспін», -деушілігі болыпты.

Кенесарымен бірге болған Таймас, Бұғыбай, Саурық, Ағыбай, Бәйсейіт, Орман, Таятай т.б. батырлар Кенесары мен Наурызбай қолға түскен соң ғана шегінген. Олар да қоршауда болған (дала жағынан), бірақ та олар соғыс арқылы таумен шегініп, құтылып кеткен.

Таймас батыр Кенесары көтерілісі ыдырағаннан кейін Сарыарқаға қайта көшіп келген.

Әдебиеттер:

Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия.- Алматы: І.Есенберлин атындағы қор, 1998.- 584 с.: ил.

Есенберлин, І. Қаһар: Роман.-Алматы: Атамұра, 2003.- 288 б.- (Атамұра кітапханасы)

Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия.- Алматы: І.Есенберлин атындағы қор, 2002.- 760 бет

Каренов Р. Таймас батыр: ["Қаһар" романының кейіпкері туралы не білеміз?"]// Егемен Қазақстан.-2001.- 6 сәуір.

Кәренов Р. Кене ханның серігі Таймас батыр: Ұлытау ауданының әкімі Б.Мұқышұлының назарына // Орт.Қазақстан.- 2001.- 23 мамыр

Кәренов Р. Тұғырлы тұлға Таймас батыр Бектасұлы туралы толғаныс //Азия транзит.-Қарағанды, 2005.-№9.-12-15 б.

Ағыбай Қоңырбайұлы (1802-1855ж.)



Ертеде болған екен ер Ағыбай, Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай. Кешегі Кенесары заманында, Ерлігін көрсетіпті елге талай.

Қазақтың ең соңғы ханы, отаршылдармен өмірінің соңына дейін күресіп өткен, айбынды батыр Кенесары ханның үзеңгілес досы, әрі сарбаздарының бас қолбасшысы, құрдасы Ағыбай Қоңырбайұлы.

Ақжолтай Ағыбай батыр Арғын-Қаракесек ішіндегі Шұбыртпалы руының Күйелі тармағынан болады. Үлкен атасы Олжабай батыр, өз әкесі Қоңырбай да қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен халық батырлары.

Ағыбай батырдың шешесі Қойсана -Арғын-Тарақты руынан шыққан, қазақтың бірнеше хас батырларының нағашысы, Абылай ханның ту ұстаушысы Байғозы батырдың ұрпағы екен.

Ағыбайға екі қабат күнінде, көшіп келе жатқанда, алты қарақшы көшіне тиіп жалғыз Қойсана ұрыс қылып, қолындағы бақанмен, алтауын ұрып түсіре береді. Жау бір-бірін сүйеп, әйелдің екі қабат екенін көрген соң: "қояйық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі баласы - арыстанның күші ғой" -деп жүріп кетіпті.

Ағыбай батырдың жас кезінде әкесі Қоңырбай қайтыс болады. Сол әкесінен қалған "Қарабесті" деген атақты атын, Шұбыртпалыны сол кезде басқарып, Қасымханға арқа сүйеген, ел жегіш, немерелес туысы Наубай күш көрсетіп тартып алып Қасымханға тарту етеді. Осыдан кейін Қойсана "қой, Ағыбай ерегісіп Наубаймен соғысар, ол - жас мерт болып кетер, баламның аманында төркініме жетейін" деп ел жатқан соң түнде жүгін артып көшкен екен. Көшіп келе жатып, бұл екі күннен кейін көп қоңсысы бар бір ақ ауылдың үстінен тап болады. Бұл ауыл Қасым ханның ауылы екен. Ауылға тоқтап анадай жерде қонған соң, құдыққа суға барса, кешегі Наубай тартып әкеткен Қарабесті ат құдық басында шалғында арқандаулы тұр екен. Қойсана ертеңіне хан ордасына барып, есігінен ізет етіп, тізе бүгеді. Қасым шаруасын сұрайды. Сонда Қойсана: "баламның жалғыз атын кеше Наубай тартып әкетіп еді, сізге тарту етіп беріп кетіпті, соны сізден сұрай келіп едім" - дейді. Қасымға Наубай атының мақтауын жеткізсе керек. "Атты ерттеп мінгенде бір кісіге жүгендетіп міндірмейді. Ол үшін мықты екі жігіт керек" десе керек. Осы сөз есінде қалған Қасым әйелдің көңілін аулап "атың ана жерде тұр, атыңды барып жүгендеп ал, ала алмасаң арқаннан қозғама, солай тұрсын" - дейді. Онысы ат әйелге әл бермейді деген ойы еді. Қасым "өзім көремін" деп үйдің ішінде есікті шалқасынан аштырып, шын-тақтап жатып қарап отырыпты. Қойсананың орамалының арты желмен желп еткенде, асау ат ышқынып үріккенде қазығын жұлып кетіпті. Сол кезде Қойсананың қолына қазық тиіп, тартып тұрып жіберіп қалғанда ат шалқасынан түсіпті. Бірден жүгендеп, үстіне мініп алып, екі аяғын екі қолтығына салып алып, басқа- артқа қамшыны басып-басып жіберіп, шауып ала жөнеліпті. Асау ат пен әйелдің алысып, әйелдің қайраты асқанын көрген Қасым хан қайран болып: "Мына дүзқарадан туған бала тегін болмас" - деген екен.

Ағыбайдың ең сүйікті қаруы тоғыз буынды, жез сақиналы жуан қайың найза. Атқа мінгенде құлан терісінен бұзау тіс етіп өрілген қайыспен қанжығасына байлап алады. Ал жай жүргенде қолына ұстайды. Бұл найзаны Ағыбайдың жақсы көретіні соншалық, ол күндіз қолынан бір түсірмейді, түнде басына жастанып жатады. Батырдың денелілігі соншалық, биіктігі кішігірім түйедей, атақты Ақылағына мінгенде, есекке мінген өзбектей, тізесі атының қолтық тұсын соғып тұрады. Ағыбайдың түсі суық, сонау шүңет көздері сөнбес оттай жанады. Қандай жүректі жан болса да, Ағыбайды алғаш көргенінде, алпамсадай ызбарлы түрінен сескенбей қалған емес. Ал, әлдеқалай түнде кездескен адам, ертегінің дәуін көргендей жүрегі жарылып кете жаздайтын. Кім болса да, кезіккен адамның есінде батыр түн ұйқысынан шошып оятар бір құбыжық секілді өмірбақи қалады.

Ағыбай елдің елдігі мен еркіндігі үшін атқа жас кезінен бастап мінген. Ол алғаш рет, 1822 жылдары 18-20 жасында Кенесары сұлтанмен жекпе-жекке шығып, даңқы қазақ даласына тарай бастаған. Ағыбайдың батырлығын, ақлын, тапқырлығын, көргендігін, сапарда, жорықтарда жол болғыштығын және жұмыста тынымдылығын жоғары бағалап, "Ақжолтай" деп атап кеткен. Ағыбай халық көтерілісінің басынан аяғына дейін қатысқан, басында Кенесарының ағалары Есенгелді мен Саржанның жорықтарына, елшіліктеріне қатысып, ол өмірдің қатал талқысынан өтіп, пісіп мол тәжірибе жинаған болатын.

Кенесары ханның әскерінің бас қолбасшысы Ағыбай батыр болса, сол Шұбыртпалы руынан Ағыбайдың жақын туысы Ханаби Серкеұлы ханның бас биі болған. Одан басқа Ағыбайдың туыстары "Шұбыртпалының жеті бөрісі" - деп халық атап кеткен: Таңабай, Көлебе, Меңдібай, Дулат, Жәуке, Толыбай, Шыңбай. Олар Кенесарының мыңбасылары ретінде, он жыл орыс отаршыларымен аяусыз соғысқан, қазақтың жері мен бостандығы үшін "Ағыбайлап" жүріп, жауымен шайқасқан есіл ерлер. Алғашқы уақытта Кенесары әскері "Абылайлап" шабады екен. Бір күні орыс әскерімен қырғын соғыс болып, бірінші жауға "Абылайлап" кірген төрелер, екінші топ жаумен "Бөгенбайлап", "Қабанбайлап", "Қарқабаттап"... сабаласқан қазақ әскері ортақ шегініп оралған екен. Осы кезде жаудың ортасында жүрген Ағыбай батыр "А, Құдайлап", оған ерген әскерлері "Ағыбайлап" жауды екі бөліп қуып жеңген екен. Соғыс біткен соң Кенесары хан: "Осыдан кейін алаш әскері жауға екі ұранмен, бірінші

қатары "Абылайлап", екінші легі "Ағыбайлап" шабатын бол-сын" - деп бұйрық берген екен. Сонымен, Ағыбай батырдың аты, өзі көзі тірісінде қазақ әскеріне ұран болып қалған.

Атағы аңызға айнала басқан Наурызбай батыр, жас кезінен осы Ағыбай батырдың тәрбиесінде болып, сырлас болған. Наурызбай өз сырын тек Ағыбайға ғана айтып, оның ақыл-кеңесіне құлақ асқан. Кенесары хан Наурызбайды тек Ағыбай батырға сеніп, жорықтарға бірге аттандырған. Наурызбай қанша өте батырлығымен, қатігездігімен аты шықса да Ағыбайды, атымен атамай "Ағеке" деп кеткен. Сол Наурызбай бір күні: "Ағеке, Кіші жүздің Алшын елінде жігіт сынайтын қария бар дейді, мені соған апарып сынат" - дейді. Бұл Абыз деген көп жасаған дана адам екен. Ағыбай мен Наурызбай барса Абыз қария мамық төсекте жатыр дейді. Бұлар сәлемдескен соң, бүркеніп жатып қалады. Жағын торғынмен таңып қойыпты. Әйтпесе, иегі төмен түсіп кетіп, сөйлей алмайды екен. Бұлар қонып шығады, ертеңінде түске дейін, одан соң, бесінге дейін қария тұрмайды. Ағыбай батыр: "Науанжан, бұл кісі сені сынамайтын болды, қайтайық" - дейді. Бірақ Наурызбай: "Жоқ, бұл кісі ажалың ертең кешке десе де сынатпай кетпеймін" - деп отырып алады. Бұл сөзді естіп жатқан қария басын көтеріп: "Жол болсын, балалар" - дейді. Сонда Ағыбай тұрып: "Қария, мына бала Қасымның кенжесі Кене ханның інісі Наурызбай деген, Сізге көрінемін деп келіп еді, балаға не айтасыз? Ал мен Ағыбай деген баламын, шаруа осы" - дейді. Сол кезде Абыз: "Я, Ағыбайым, сенің атың "ұран" болып артыңда қалады, өз ұраныңды өзің естірсің. Бағыңның табы желкенде екен. Ал, Наурызбай, менің жасым 120-ға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер көрмедім. Үш нәрсенің сырттаны бар: иттің, қасқырдың, жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсің. Бірақ, адам баласына мейірімің жоқ екен, бағың маңдайыңда ғана екен, ғұмырың қысқа, 20-25-тен аспассың, дүниеден арманда қалма!" - дейді. Осы сөзден кейін Наурызбайдың көңілі түсіп, бұлар қайтады. Ауылға келгеннен соң, Кенесары: "Я, Ағыбай, Абыз Науанжанды қалай деді" - деп сұрайды. Сонда Ағыбай батыр: "Науанжанға жігіттің сырттаны екенсің, 120 жастың ішінде сенен артық жігіт көрмедім" - деді деп, басқасын айтпайды. Сонда Кенесары отырып, "Ағыбай, Абыз білмейді дейсің бе, бірақ айтпаған ғой, атам Абылайдың түсі есінде ме!" - дейді. Онысы, бірде Абылай түс көріпті: астында жалын құйрық жирен аты бар келе жатса, бір жолобарыс қашады, жолбарысты соғып ішін жарғанда көкжал қасқыр қашады, қасқырдың ішін жарғанда қызыл алтай түлкі қашады, түлкінің ішін жарған екен – бақа-шаян аяғынан басына дейін қаптап кетеді. Осыдан соң "менің артым көптің бірі болып кетеді ғой" - деген екен. Осы түсті есіне алған Кенесары: "Менің, Сыздығымнан кейін солай боламыз ғой" - дейді. "Осы тақілеттес мен де бір түс көрдім - деп Кенесары сөзін жалғайды. - Түсімде, Ағыбай, сен екеуіміз арқаласайық, қайсымыздың бағымыз жеңер екен деймін. Әуелі кім арқалайды десем, "Сіз ел ағасы хансыз, Сіз арқалаңыз" дейсіз. Мен сені арқаламай алдыммен көтерем, кезек саған келгенде мені сен қаптағы тезекше иіріп арқаңа салып алдың, мен үш жүзге хан болсам да, сенің бағың артыңда қалады. Сен де батыр адамсың, алдымен сені көтеруім біздің бағымыз маңдайымызда, артымызда қалатын бақ жоқ. Өзімізбен бірге кетеді, болмаса сені мен де арқама салып алмас па едім" - деген екен.

Кенесарының айтқаны келіп, оны Ағыбай өз құлағымен естіп, өз көзімен көрді. Бір жорықта он мыңдай әскермен келе жатқанда, бір боз торғай әскерді айналып ұшып жүреді, сонда Кенесары хан: "Токтаңдар, дәулет құсы деген болушы еді, біреуімізге қонайын деп жүрген шығар" – дейді. Сонда торғай ұшып-ұшып келіп Ағыбай батырдың басына қонады. Наурызбай, саған қонбай ма, Ағыбайға келіп қонды ғой" деп батасын беріпті.

Ақжолтай Ағыбай батыр өлерінің алдында, кешке таман туысы Жұман молламен төбенің басында отырса, бір кішкентай бозторғай шырылдап ұшып келіп батырдың басына қоныпты, торғайдың төбесінде шошайған екі тал айдары бар екен дейді. Осы кезде, Ағыбай батыр, Кенесарының сөзін есіне алып, "енді міне, бозторғай тағы басыма қонып отыр, орда бұзатын уақытым өтті, бәлкім дүниеден қош айтысатын уақыт таяп қалған шығар, мына жерде бесін намазын оқымай, үйге барып оқиын, Аманжолға және

басқа да туған туыстарға хабар беріндер" деген екен. Айтқандай Ағыбай батыр көп ұзамай қайтыс болыпты.

Ағыбай батырдың үш баласы болады: Аманжол, Аманбай және Сопы. Аманжол әкесіне тартып батыр болады. Аманбай дәулетті бай болады. Әкемнің бар арманы Меккеге қажылыққа бару еді, бірақ патша өкіметі рұқсат етпей бара алмады. Мен сол кісінің арманын орындап, Меккеге барам, мал-дүниелерді әке арманын орындау жолына шашылып деп жиналып, кетерінде "мен Меккеден қайтпаймын" деп елімен қош айтысып кетіпті.

Ағыбай батырдың ұрпақтары, Қызыл империяның қолшоқпарларынан көп қиыншылықтар көріп, қуғыншылыққа ұшырап, репрессия және конфискациядан кейін еліміздің әр түкпірін шарлап кеткен, Ағыбай батырдың тұлғасы тарихи аңыз-жырларда, жазба деректерде оның ақылдылық, шешендік, көрегендік, жолы болғыштық қасиеттері толығымен, жан-жақты сомдалады. Халық арасында "Ақжолтай" атанып, жолы болғыштығымен Кенесары хан "Ақ жолым" атап кеткен деседі.

Халқымыздың тарихында алтын әріппен жазылуға тиіс батырдың биік тұлғасы, халық ақын-жыршыларынан бастап, қазақ классиктері мен қаламгерлерді де әрқашан үлкен ілтипатпен назар аударып отырған. 1914 жылы Қазан қаласында Есім төре иждихатымен Әлихан Бөкейханов Ағыбай туралы "Қызыл Қайнар Тектұрмас" атты кітап шығарды. С.Сейфуллин "Ақжолтай батыр" атты роман жазған болатын. Бірақ, бұл шығарма бізге жетпей, қуғын-сүргін жылдары асыл ағамызбен бірге келмесе кетті. Ағыбай батыр бейнесі М.Әуезов, М.Көпеев, Д.Әлімбаев, И.Байзақов, Ә.Қоныратбаев, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Бекхожин, І.Есенберлин, Ж.Алтайбаев, Ж.Қашқынов, М.Әбсеметтің шығармаларында әр қырынан танылып отырды. Батырдың тарихи тұлғасын белгілі ғалым-тарихшы Е.Бекмаханов өзінің әйгілі еңбегінде жазған еді. Шәміл Әбілтаев күй шығарған. Жүсіп Алтайбаев «Ер Ағыбай» атты повесть жазған. Бірақ, жазушы батыр туралы жаңа туындысын шығара алмай көз жұмды. Тоқырау жылдарындағы сыңаржақ түсініктен Ағыбай батырдың аты О.Сәрсенбаевтың "Тамыр" деген повесінде Алыбай деп берілген еді. Соңғы жылдары батырды зерттегендер — Марат Әбсемет пен осы өңірден шыққан еліміздің тұңғыш сенаторы, ел басымыздың көмекшісі, 1975 жылдан бастап Санкт-Петербург, Омбы, Мәскеу және еліміздегі барлық архивтерді көтеріп зерттеген ғалым Қабылсаят Әбішев.

1731 жылғы Келісім бойынша Қазақ хандығы өз еркімен Россияға одақтас мемлекет ретінде кірген болатын, сол келісімде Қазақ хандығы өз егемендігін сақтап, Россия оның ішкі саясатына ықпал жасамауға және Хандық билік сақталып қалу керек еді. Кенесары осы жағдайларды жазып Ресей патшасына бірнеше рет хат жолдаған болатын, бірақ Патшадан жауап болған жоқ. Көтерісшілер Бұғылы мен Тағылы өңірінен бой көрсетті. 1826жылғы 14шілдеде жөнелтілген тағы бір хабарламада көтеріліске шығушылардың саны 1000-ға жетіп қалғаны айтылған. 1826 жылғы тамыз айында Ағыбай батыр Қарқара-лы бекінісіне шабуыл жасады. Батырдың көтерілісті дұрыс ұйымдастыра білуі үлкен нәтиже беріп, отарлаушылар тарапынан барымталанған мал қайтарылып, тұтқында жатқан адамдар азаттық алады.

1827 жылы майор Мыңғариев пен сұлтан Тұрсын Шыңғысовтың басқаруымен құрамында 200 әскері бар қарулы қол Ағыбай батыр аулына баса-көктеп кіріп, қанды-қырғын соғыс ашады. Сойыл, найза, шоқпармен ғана қаруланған Ағыбай бастаған топ мылтықты жаулардан өз ауылын қорғауда табандылық таныта білді, бірақ осы шайқаста ол 58 адамнан айырылады. 1832 жылғы 1 наурызда Саржан, Есенкелді Қасымовтар Ағыбай батырдың әскерімен бірігіп, жиыны 400-дей адам Ресей империясының тірегі атанған Қарқаралыға тағы да шабуыл жасайды. Шабуылда жеңіске жеткен олар 1600 жылқыны отаршылардан құтқарып алды. Осындай азды-көпті жеңістерге қол жеткізе жүріп, әділет үшін көтеріліске шығушылардың саны күн санап, көбейе берді. Саржан Қасымұлы өзіне ташкенттік құсбегілерден одақтастар іздей бастады. Осындай мақсатпен Саржан ағасы Есенкелді және Ағыбай батырмен бірігіп, Ташкентке жол тартады. Бірақ, өзбек үкіметінің басындағылар бұлардың қазақ халқын азат ету мақсатындағы ойларын біліп қойып, өздерін қуғындайды. Ақыр

аяғында ондағылар Саржан мен Есенкелдіні қолға түсіріп, өлтіреді. Тек, Ағыбай батыр ғана аз ғана сенімді серіктерімен жанталаса соғысып, аман құтылады. Қасым төре Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мешітіне барған сәтінде ташкенттік Бегдербектің қолынан қаза табады. Соңыра Кенесарының ағалары мен әкесінің кегін қайтарып, өш алу мақсатында Ағыбай батыр қол жинап Шу өзенінің бойындағы Бесқұлан деген жерде өзбек әскерін тас-талқан етеді. Ал, 1837 жылдың жазында "халқым" деп қан жұтып, "елім" деп еңіреп жүрген Кенесарыны Айыртау бөктерінде жиналған арғын, қыпшақ, найман, керей, уақ және қоңырат руының өкілдері ақ киізге отырғызып, Орта Жүздің ханы етіп сайлады, ал Ағыбай батырды бас сардар етіп тағайындайды.

Халық арасында кең тараған аңыз, тарихи деректер бойынша Ағыбай Еділ жағынан келген қалмақпен соғысқан қазақтың соңғы батыры.

Кенесары Көкшетау шайқасында жеңіске жеткені және шынайы ержүректік көрсеткені үшін Ақжолтай Ағыбай батырға, Абылай-хан атасынан қалған күмістелінген қанжарды тарту етеді.

Хан Кененің қоластында жүріп Ағыбай 1838 жылы 7 тамызда Ресей империясының Ақмоладағы тірек-орталығына шабуыл жасайды. Ол кезде Ақмола қаласын полковник Қоңырқұлжа Құдаймендин басқаратын. Сібір казактарының ауыр зеңбірекпен қаруланған түренімен мықтап қоршалған болатын.

Бұл қанды қырғын айқаста да Ағыбай батыр сарбаздары күш бағымдылығын көрсетіп, қаланы басып алады. Қоңырқұлжа қалған солдаттарымен қашып құтылады. 1839 жылғы 5 желтоқсанда Ақтау бекінісінен Ташкентке хорунжий Рытов жасағы бастап бара жатқан керуенді Ағыбай мен Наурызбай батыр сарбаздары Қойлыбай Болат маңында тас-талқан етті.

1841 жылы Ұлытау тауының баурайында үш жүз тайпаларының бас қосуында Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Бұл кез генерал-губернатор Перовскийдің даңқы дәуірлеп тұрған уақыт болатын. Содан кейінгі екі жылда Ағыбай батыр бастаған Кенесары ханның қоластындағы қазақ сарбаздары өзбек езгісіндегі бауырластарын азат ету жолында қоқандықтармен күресті.

1843 жылдың басында генерал-губернатор Горчаков Кенесарының бәйбішесін тұтқынға түсіріп, көтерісшілер әлеміне "өзгеріс" жасауға әрекеттенді. Сол жылдың тамыз айында полковник Бизанов пен А.Жантөрин Б.Айшуақов сынды сұлтандардың басқаруымен 500 адамнан құралған қарулы қол Кенесары ханның сарбаздарымен соғысуға бет алды. Олар Ырғыз өзенінің бойында Ағыбай мен Наурызбай бастаған көтерісшілер жасақтарымен кездесіп, тағы бір қантөгіс болады. Осы шайқаста Наурызбай батыр қатты жараланады. Біраз сарбаздарынан айырылғанына қарамастан Ағыбай батыр "Абылайлап" ұрандап жүріп, басқыншылардың құрсаулы тобын тас-талқан етті.

Кенесары хан жоғары билер және әскери кеңес ашып, өз сарбаздарын төрт жасаққа топтастыру жөнінде әскери кеңестің шешімін шығарады. Бірінші жасақты Ағыбай батыр, екіншісін Наурызбай батыр, үшіншісін Ержан батыр басқарады да, төртіншісі қосалқы жасақ резерв ретінде Кенесары ханды қорғайтын болады. Осы тұста Наурызбай батыр өзінің тап-қырлығын танытып полковник Лебедев отрядын сұлтан Байқадамовтың аулына қарай бұрып жіберді.

Кенесары ханның алдын-ала жасаған жоспарына сай 1844 жылдың 20 маусымнан 21 маусымына қараған түнде Ағыбай батыр мен Ержан батыр сарбаздары Тобыл өзенінің жоғарғы сағасымен Ұлқояқ өзенінің бойында Ахмет Жантөриннің отрядын қоршап алып, толық жойып жібереді. Ұрыс барысында көрнекті 44 сұлтан қаза табады. Бұл полковник Дуниковский басқаратын ауыр зеңбіректі түренге жасалған шабуылдың бастамасы еді.

Тамыз айының орта шенінде Ағыбай батыр мен Наурызбай батыр бастаған қол Екатеринин бекінісіне лап қойды. Бірнеше шабуылдың нәтижесінде бекіністі басып алады. Бұл - Кенесары ханның ең үлкен жеңістерінің бірі еді. 1844-1846 жылдар аралығында Кенесары ханның сарбаздары Ресей империясының әскерлеріне дүркін-дүркін шабуыл жасап, бірде сәтсіздікке ұшырап, енді бірде ойсырата жеңумен болды.

Осы жылдары ауыр зеңбірек, оқты мылтықпен қаруланған патша әскерлеріне қарсы - білектің күшімен, найзаның ұшымен қазақ жерін қорғаған батырларымыздың даңқы шықты, сол батырлардың даңқы халқымыздың еңсесін көтерді де.

Ағыбай батыр көтерілістің ақыр-аяғына дейін Кенесарыға адал болды. Ақтық айқас 1847 жылдың көктемінде Қырғыз Алатауының Кекілік тауында өтеді. Осыдан бұрын Ағыбай батыр Кенесары ханға: "Осы қырғыздармен соғысқанымыз жетер, біздің әскер дала соғысына үйренген, таудағы жердің жайын білмейміз және сарбаздар шаршады" дегенде, Кенесары оған "Е, Ағыбай сен қартайған екенсің" деп, айтқанына көнбей, бас қолбасшылықтан алып, орнына Бұғыбай батырды сайлайды. Ағыбай көп қайрат көрсеткенімен жай батыр есебінде соғысады. Ертең шешуші ұрыс болады деген түнде Дулат руының батыры Сыпатай мен Рүстем төре 12 мың жігітті ертіп Кенесарыны тастап кетіп қалған. Өзіне шын берілген мыңдай ғана жігітімен жау қоршауында қалғанын Кенесары таңертең біледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазғанындай, Бұғыбай батырға сенген Кенесары осылай қырғыз-орыс қолына түскен соң, Ағыбай қолға алып, әскерді құрап, майдан ашып, жеті қабат Алатауды айналған жауды жарып өтеді.

Неміс ғалымы Радлов жинаған Кенесары туралы жырда былай делінген:

**Кенеге тігілмеді торғын шатыр,
Топалаң тиген қойдай қазақ жатыр.
Басы екен шұбыртпалы ер Ағыбай,
Құтылды бұзып-жарып сексен батыр.**

Қырғыздар Кене ханды бірнеше найзамен түйреп көтергенде "Ей, маңқа қырғыздар, бәрібір мен сендерден биік тұрмын" деп өліп кеткен екен.

Ал Ағыбай батыр Арқаға қайтып бара жатып:

**Кенесары құрдасым,
Бірге туған сырласым.
Арыздаспай айырылыстық
Ақыретке қимасым.
Наурызбай ер беренім
Қайратты туған ер едің
Маңдайыңнан иіскеп Қош, Наурызжан, дегенім, —**

деп егіліп қайғырыпты.

Түркістан қаласының маңайында орыс әскерімен соғысып жатқанда, Ағыбай батырға Қожа Ахмет Яссауи аян берген екен дейді. "Ағыбай, саған аруақтар мен мұсылман халқы риза, кәпірлермен аз соғысқан жоқсың, енді соғысуды қой, сен пайғамбар жасына келдің, енді құдай жолына түс" депті. Осы аяннан кейін Ағыбай батыр Садық төреден және басқа да соғысып жатқан батырлардан рұқсат сұрап, елге қайтқан екен. Кейін атақты қазақ батырларының бірі Жарылғап батырдың ұрпағы, қарт Бөгенбай батырдың жиені Байсейіт болыстың қамқорлығымен Тоқырауын өзенінің бойында қоныстанып, егіншілікпен айналысады. Ол жер "Ағыбай тоғаны" аталып қалған. Аға сұлтан Құнанбай мырза Жанғұтты Шорманның Мұсасы Кәрсон руының игі-жақсыларының жерімізден Ағыбай батырға жер бөліп береміз деген шешімдерін құптап, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтқа хат жолдайды. Осыдан кейін оны Гасфордт қабылдайды, біраз уақыттан кейін-ақ патшаның Ағыбай батырға кешірім жасаған хатын алғаннан кейін, генерал-губернатор Ағыбай батырдың жаңа қонысын картаға түсіріп, мөрін басып береді. Ақ патша Орта Азия мен Кавказ халықтарының арасынан отар-шыларға қарсы күрескен "империя жауларының" арасынан Ағыбай батыр мен Кавказдағы Шәмілге ғана кешірім жасаған. Ал Шәміл болса 63 жасында Меккеге қажылыққа барғанда қайтыс болған. Сол уақытта генерал-губернатор өзінің суретшілеріне Ағыбай батырдың суретін салғызып, Ресейдің Петербор қаласындағы әлемге әйгілі Эрмитаж көрме-музейіне жіберген екен. Елімізге әйгілі қойшы, екі дүркін еңбек ері атағын алған Ж.Қуанышбаев сол кездегі Ленинград қаласына Қазақстаннан барған халық қалауларының делегация мүшелерімен Эрмитажды аралап жүргенде Ағыбай батырдың суретін көріп, музей бас-шыларынан рұқсат алып, сол жердегі

суретшілерге салғызып алған екен.

1855 жылы Ағыбай батыр 83-ке қараған жасында қайтыс болып, Тайатқан Шұнақта арулап жерленеді.

Әдебиеттер:

Ағыбай батыр туралы аңыздар: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N8.-40 б.

Адамияұлы З. Ағыбайдың аяны: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Азия Транзит.-Қарағанды, 2002.- N8.-5 б.

Ақжолтай Ағыбай батыр / құраст. А. Ісімақова С.Сәкенов.- Алматы: Ғалым, 2002.- 632 бет.: сур.

Ақжолтай А. Баба тойы Қарағандыдан басталды // Орт. Қазақстан.- 2002.- 7 қыркүйек.-7 б.

Алмас қылыш: Батырлар жыры / Құраст ; Дәуітұлы.- Алматы: Жалын, 1993.- 224 бет.

Алтайбай Ж. Қырғыз Алатауындағы соғыстың соңғы сәттері: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N8.-6 б.

Аманжолов С. Ер Ағыбай қай батырдан кем еді?:"Ағыбай батыр" қоғамдық қорының төрағасы С.Аманжоловпен сұхбат / Сұхбаттасқан О.Жүнісұлы// Орт.Қазақстан.-2005.- 14 шілде.-16 б.

Асқаров Е. Бозауыз ат: поэма: Шұбыртпалы Ағыбай батырдан қалған сөз// Жұлдыз.- 2002.- N2.-67-72 б.

Әбішев Қ. Тарихи сабақтастық: Кененің жауға шапқан бас батыры // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-9 б.

Әлиханнның үш сұрағы: Кененің жауға шапқан бас батыры// Орт.Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-8 б.

Әлтай А. Азаттық Каһарманы: Ақжолтай Ағыбай батырдың туғанына 200 жыл толуына орай // Егемен Қазақстан.- 2002.- 30 тамыз.-3 б.

Әмір-бек К. Тау мен таудың басы бөлек болсада етегі бір: Ақжолтай Ағыбай батырдың туғанына 200 жыл // Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2002.- 18 қыркүйек.-11 б.

Әрінұлы А. Аңыз бен ақиқат: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 22 маусым

Бекмағамбетов К. Ер есімі мәңгілік: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 12 маусым

Бижанов Ж. Күрең күз, ақ шағала және балықшы жігіттер: Ағыбай батыр ЖШС төрағасы Ж.Бижановпен сұхбат / сұхбаттасқан О.Жүнісұлы// Орт.Қазақстан.-2004.- 27 қараша.-4 б.

Доскейдің әңгімелері: Ақжолтай Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл// Орт.Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-8-9, 16 б.

Ер есімі ел есінде: Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық торқалы тойына арналған "Арқаның ардақты тұлғалары" атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы / Жалпы бас ред.Ж.С.Ақылбаев.- Қарағанды: ҚарМУ, 2002.- 270 бет.

Ерлік толы даламыз, біздің батыр бабамыз.- Балқаш, 2002.- 99 бет.

Жамбылов Т. Ертеңіміз бабаларын ұлықтайды: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орт.Қазақстан.- 2002.- 12 маусым

Жандәулетова М.Р. Білмеген Ағыбайды ел болмаған // Жаңаарқа.- Атасу, 2002.- 26 қазан

Жетібаева Б. Қала төлқұжатындағы есімдер: Ақжолтай Ағыбай батыр // Сарыарқа.- Жезқазған, 2003.- 28 қараша

Жұмаділдин А. Жаңаарқа: Дерекнама .-Алматы: Кенже-Пресс-Медиа, 2003.- 521 бет.

- Жүнісұлы О. Айдын төсін арда емгендер: Ауыл -2003-2005// Орт.Қазақстан.- 2005.- 3 қыркүйек.- 5 б.
- Жүнісұлы О. Батыр мазары қалпына келтірілуде: мәдени мұра// Орт.Қазақстан.- 2005.- 5 қараша.-16 б.
- Жүнісұлы О. Балқаштың балығы - байлық // Орт.Қазақстан.- 2002.- 1 қаңтар
- Иман нұры / Құраст. "Иман" қоры.- Алматы: Өлке, 2003.- 120 б.: сур.
- Исмакова Б.С. Алашта асып туған ер Ағыбай: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл / Б.С.Исмакова, З.С.Исмакова// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N8.-8 б.
- Кәренев Р. Ақтаудың құлауы: Ақжолтай Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орт. Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-10 б.
- Көккөзов М. Батыр баба // Абай-Ақиқат.- Абай, 2002.- 13 шілде
- Көпейұлы М. Ақжолтай Ағыбай батыр: Кененің жауға шапқан бас батыры // Орт.Қазақстан.-2002.- 4 қыркүйек.-7 б.
- Қашқынбеков Ө. Ақжолтай Ағыбай батыр: Толғау // Орт. Қазақстан.- 2002.-18 қыркүйек.-7 б.
- Қашқынов Ж. Хан Кене, Ер Ағыбай, батыр Науан: Дастан// Орт.Қазақстан.- 2001.- 1 қыркүйек
- Қашқынов Ж. Хан Кене, ер Ағыбай, батыр Науан: Өлеңдер// Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.-N11.-19, 20 б.
- Қашқынов Ж. Абылайдың жауға шапқан қос батыры // Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.- N11.-21-24 б.
- Қашқынов Ж. Ағыбай - бөлтірік тоғаны: Шұбартпалы Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Орт.Қазақстан.- 2002.- 15 мамыр
- Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет: Зерттеулер мен мақалалар - Алматы: Ғылым, 2001.- 448 бет.
- Қуандықұлы Е. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының Кенесары туралы жазбалары: Тарихи тұлғалар// Қазақ тарихы.- 2004.- N1.-69-72 б.
- Мәуленов С. Ағыбай күмбезі // Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N8.-2 б.
- Мұхамеджанов К. Еліміз ерлерін ардақтайды // Орт.Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-1,5 б.
- Несіпбай А. Ағыбай батыр тойы: Қарағанды облысы, Шет ауданы // Егемен Қазақстан.- Алматы, 2002.- 11 қыркүйек.-6 б.
- Оразов С. Аманат: Жыр дәптерінен// Орт. Қазақстан.- 2002.-9 ақпан
- Оразымбет М. Ағыбай жері аталған: Ауыл // Мысты өңір.- Жезқазған, 2003.- 28 наурыз.-5 б.
- Сәулебектегі А. Жазылбек ағамыз суретін тапқан немесе Кенесары "көсем" деп атаған Ағыбай батырды шын мәнінде ардақ тұтып жүрміз бе? Келер жылы батыр бабамыздың туғанына 200 жыл толмақ// Жас Алаш.- 2001.- 25 қыркүйек.-5 б.
- Сембай М. Тәуелсіздікті ту еткен: Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық мерейтойы Балқаш, Ақтоғай және Шет өңірлерінде республикалық деңгейде аталып өтті / М.Сембай, Т.Майбас, О.Жүнісұлы, Б.Тойшыбек// Орт.Қазақстан.- 2002.- 11 қыркүйек.-1, 12, 13,16 б.
- Сүйіндіков З. Ағыбай батыр: Ән // Орт.Қазақстан.-2002.- 22 маусым
- Шөженов Ж. Ақжолтай Ағыбай батыр.- Қарағанды: Қарағанды экономикалық уніті, 2002.- 234 бет.
- Шөженов Ж. Ақжолтай Ағыбай батырдың шешендігі мен жүргізген биліктері: Қазақ батырлары// Азия Транзит.- Қарағанды, 2004.- N9-11.-20-25 б.
- Шөжентегі Ж. Ақжолтай Ағыбай батыр // Азия Транзит.- Қарағанды, 2001.- N5.- 10-18 б. Орт.Қазақстан.- 2001.- 23 маусым
- Шөжентегі Ж. Ақжолтай Ағыбай батыр - халық батыры: Ағыбай батырдың туғанына - 200 жыл // Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N8.-3 б.
- Ысмайылов Е. Ағыбай: Кененің жауға шапқан бас батыры // Орт.Қазақстан.- 2002.- 4 қыркүйек.-8-9 б.

Мәнжі Күржікейұлы (1815 – 1911ж.)



Мәнжі Күржікейұлы - Сарыарқа жері мақтан тұтқан аруақты батырлардың бірі, есімі ел есінде қалған атақты адамдардың қатарына жатады.

Сарыарқаның ең ірі өзені Нұра екенін білеміз. Батысқа қарай үмсына ұмтылған, оған қосылуға Байбура, Ащысу, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Тентек тәрізді ағын сулар асығады. Қариялар аузындағы сілем-сілем әңгімелерге құлақ түрсек, Қареке руының Байбура бұтағы жазда Байбура, Нұра, Соқыр, Тентек өзендерінің бойын жағалағаны белгілі.

Осы шүйгінді алқапта, ұлт тарихында өзіндік орны бар тұлға - Мәнжі Күржікейұлының мәңгілік мекені бар. Қазіргі Қаражар ауылынан екі шақырымдай жерде "Манжин" фермасы орналасқан. Бұл мекеннің Мәнжі батырдың есімімен аталғаны ешқандай күмәндік туғызбайды.

Мәнжінің шыққан тегі - Орта жүздің Арғын-Қуандық тайпасына жататын Қареке руы. Ол 1815-1911 жылдары өмір сүрген. Батыр жас шағынан ат құлағында ойнаған ержүрек болса керек. Өзі әрі мерген екен. Ел шетіне жау тисе, қолына найзасын алып, тойтарыс беруді өзіне міндет санаған.

Бір деректі әңгімелерде Мәнжінің ержүректігіне сай күші де болғандығы айтылады. Ол ат үстінен сәл еңкейіп, қалың өскен жыңғылды жас баланың білегіндей саусақтарымен уыстай тартқанда, жыңғылды тамырымен қиналмай суырып алады екен. Сонан кейін екі қолымен кір сыққандай бұрағанда тобылғы, не жыңғылдың сөлі тамшылап, суы сорғалап аға жөнеледі екен.

Есімі қасиетті тарих бетіне өзіндік айшық-бедерімен түскен Мәнжі батыр бала кезінен-ақ қатарынан озық тұрды. Ол қиянатқа көнбейтін, әділетсіздікке төзбейтін мінез бағдарын он- он алты жасынан байқатқан батыр.

Мәнжі Күржікейұлы - өз заманының көзі ашық азаматтарының бірі болған. Ол аузымен құс тістеген, алдына қара түсірмеген, атқанын құлатқан, қосқанын оздырған, істің ағын ақ деген, қарасын қара деген, ар-намысын ешкімге бермеген, құдайдан өзгеге бас имеген кісі екен.

Мәнжі батыр Қарпық-Қаратоқа руынан шыққан Тиес батырмен дос болған. Екеуі Кенесарының қолына кіріп ұлы жорықтарға қатысқан. Мәнжі мен Тиес қазақ жерін жат жұртқа бермеу үшін талай ерлік көрсеткен. Бір қатты ұрыста Тиес батыр жаяу қалып, жауымен жалғыз шайқасады. Сол кезде Мәнжі батыр атпен шауып келіп, Тиеске «Аға баласы» едің деп өзінің астындағы атын мінгізеді. Жан-жақтан қаптаған қалың жаудан тайсалмай, астындағы атын түсіп беріп, досы үшін өлімге бас тігу – жүрегінің түгі бар хас батырларға ған тән ерлік екені даусыз.

Мәнжі батыр: «Ел намысын қорғайтын батырсың, елге аман бар. Ал мен дос алдындағы парызымды орындап өлсем, арманым жоқ. Елге менің де сәлемімді жеткіз»- деп өзі жаумен жаяу шабысуға кіріседі. Осылайша екі дос қалың жаудың бетін қайтарып, өз тобына қосылады.

Мәнжі Күржікейұлы Кенесары бастаған азаттық күрестің алдыңғы шебінде болды. Ержүрек батыр «соқтықпалы, соқпасыз» қиын заманда ғұмыр кешті. Орта жүздің көп руларына отаршыл Ресей көк сүңгісін аш бүйіріне қадады. Бірақ Мәнжі сияқты жүрек жұтқан аруақты бабалар басын бәйгіге тігіп, туған жердің ұлтарактай пұшпағы үшін ата жаумен қаймықпай қидаласып өтті.

Мәнжі тек батыр ғана емес, ойда жоқ жерден сөз тауып айтатын өткір тілді щещен адам болыпты. Бұл жағынан ол әкесі Күржікейдің туған ағасы Шағырай шешенге ұқсаған болса керек.

Мәнжі батыр 96 жасқа келіп дүниеден қайтқан. Өлер алдында:

**«Мақалым түйдек-түйдек кел алдыма,
Елек қойып болмайды ел аузына.»**

**Жас жетіп 95-ке келгеннен соң,
Ойладым келдім ғой жол аузына»-**

деген нақыл сөздері қалыпты.

Бірде Мәнжі батыр:

**«Күн артынан күн туар,
Жыл артынан жыл туар,
Бабамыз, -деп Мәнжі батырды іздейтін
Артынан қашан ұл туар?»**

- деп торыққан екен.

Дәуірдің карама-қайшылықтары мол оқиғалары, әсіресе, Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысуы, Мәнжі батыр есімінің де кешегі репрессияға ілінуіне үлкен сылтау еді. Кенесарымен бірге оның да аты тарихтан сызылып, құлыпқа салынды. Қазақтың сайын даласын дүбірге бөлеп, дүр сілкіндірген, бар атпал азаматтарын атқа мінгізген Кенесарының елдің тәуелсіздігі, жердің азаттығы үшін арпалысқан ұлт-азаттық қозғалысы көп жылдар бойы тасада қалды. Коммунистік үлкен саясатпен үндес болғандықтан, ол қозғалыс кешеге дейін ұлтшыл, феодалдық, хандық дәуірді аңсаған көтеріліс болып бағаланып келді.

Бүгінгі күндерге дейін аумалы-төкпелі заман қойнауындағы қым-қиғаш тарихи оқиғалар сорабын бағамдағанда, маңдайының соры қалың қазақтың тағдырындағы ойлы-қырлы белес - ол қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысқа қолбасшылық жасаған тұстары арқылы бағаланып келгені мәлім. Бір жағын алпауыт Ресей патшалығы омырып, екінші бүйірін ұлы Қытай кеміріп жатса да, жалпақ қазақ елін қанжығаға байлатпай, бірде егеулі найза ұшымен, бірде уәлі тілдің уытымен қорғап, жер қайысқан жау қолдарынан құтылып кетіп отырған, Абылай хан парасатын берік ұстанғысы келген, қаһарлы немересі Кенесары батырдың да атамекен үшін арыстандай айбат шегуі шексіз болды. Жегі құрттай дендеп кіріп, іштен шалар ұзын құрық айлакерлігі бар орыс империясының пасық пиғылына тосқауыл қоймай, жақсылық жоқ екендігін ержүрек Кенесары сұлтан бүкіл хан-дүниесімен сезінді.

Сондықтан, қарғыс атқыр отаршылар тарихымызды терістеуге жанталасып, Кенесарыны халыққа қарсы қойғысы келді. Бірақ Батыстың бір тарихшысы Кенесарының соғыс өнеріне тәнті болып былай деген екен: "Батыс қолбасшылары дала қолбасшысы Кенесарыға қызғанышпен қараған болар еді".

XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қазақ халқы түгел қатысты деуге болады. Олардың ішінде есімдері елге әйгілі қанша батырлар болды. Ел ішінде әрқайсысы туралы көптеген өлең, аңыз, әңгімелер бар. Кейбір батырлар өздерінің естеліктерін қалдырған.

Әдебиеттер:

- Бексейіт С. Үш ғасырдың жұлдызды сәттері// Орт.Қазақстан.- 2001.-21 шілде
Бексейіт С. Мәнжі батыр: Тарихи дастан // Орт.Қазақстан.- 2003.- 23 қыркүйек.-6 б.
Кәренов Р. Мәнжі батыр: М.Күжікейұлы туралы // Орт.Қазақстан.- 2002.- 13 ақпан
Кәренов Р. Ел аузында жыр болған Мәнжі батыр: Алтын сандық// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.- N4.-37-40 б.
Кәренов Р. "Батыр баба есімі - ұрпақтар үшін мақтаныш": Мәнжі батырдың туғанына - 190 жыл// Азия Транзит.- Қарағанды, 2005.- N11.-18-24 б.
Орайханұлы С. Мәнжі батыр: Тарихи дастан// Азия Транзит.- Қарағанды, 2004.- N9.-4-5 б.

Омар батыр



1946 жылы о дүниелік мүшелінде Манасбайұлы Омар деген ақсақал бақилыққа озды. Көнекоз шежіре қарттар ол кісіні Шет еңірін жайлаған Бесатаның соңғы батыры дейді.

Ел аузында Омар батыр жөнінде әңгімелер жеткілікті. Оны айтушылардың барлығы бірдей бұл әңгімені Батырдың өз аузынан естідік деп айтады.

Енді сол әңгімелердің біразын хикаялайық.

Омардың "бала батыр" атағы балалық мүшелінен бастап шыға бастайды. Осы мүшелінде ел ішіндегі барымта-сырымтаға қатысып, жау түсірген күндері көп болыпты. Содан бір күні ел іргесі жанынан атақты Ағыбай батыр өтіп бара жатады. Оны естіген жас бала белдеудегі Ақбұау атына міне салып, батырдан озып барып тоқтапты. Содан мінген атын арқалап Ақжолтай батырдың өзіне жаяу салыпты. Жақындаған кезінде мойнындағы атын түсіріп, шылбырын тізелеп, сәлем беріпті. Сонда атақты батыр:

-Бабаңның ұрынарға қара таппай жүретін бір боғы бар деп естуші едім, сол сен емеспісің?- депті.

Ағыбай батыр Баба" деп Омардың түп бабасы Балта батырды айтып отыр. Бабаң заманында Абылайды хан көтергенде ақ киіздің бір ұшын көтерген алты батырдың бірі болыпты.

Бала бата беріп кетіңіз деп батырдың шылбырына оратылыпты.

Сонда батыр:

-Сен әуелі менің сарқытымды іш, батаны сонан кейін берейін,- депті.

Сөйтіп Айыртау, Сапыны мекендеп жатқан Бөлек Керней аулындағы Манасбай ақсақалдың аулында ерулеп жатады. Кешкілік батырдың өзі таңдап жүріп іріндей екі ісекті ұстатыпты. Ісектің еті сүйегінен ажырағанша қазанды оттан алмапты. Батырды көреміз деп келген Кәрсен-Керней жігіттерінде қисап болмапты. "Бір тамашаны" көрем деушілердің көптігі соншама, ел сегіз қанат үйге сыймаған соң киіз үйдің іргесін түріпті.

Батыр екі астау алдырыпты. Бір астауға ажыраған етті, екіншісіне саяқ сүйекті салдырыпты. Ет салынған астауды Омарға ұсынып, қу сүйегін өзі алыпты. Омар алдындағы етін тауысқан кезде батыр да астауын босатыпты.

Батыр енді екінші қазанды алдырыпты. Босаған астаудың біріне ет, біріне тағы да қу сүйек салдырыпты. Енді етін өзі алып, сүйегін баланың алдына қойыпты. Батыр алдын-дағы астауын тауысқан кезде бала да астауын босатыпты. Қалың ел ду ете қалыпты. Іс мұнымен бітпейді. Батыр енді отта тұрған екі қазанды ортаға алдырады. Екі сапты аяқты һәм келтіреді. Кезектесіп отырып бірінші қазандағы сорпаны тауысады, кезектесіп отырып екіншісін тауысады.

Осыдан кейін екеуі де төсекке қисайыпты. Таң атқанша қорытылып жатқан сүйектің күтір-күтір даусы ауыл сыртына естіліп тұрыпты.

Ертесінде батыр мен бала мойындарын ғана асырып суы тастай суық құдықта күн тас төбеге көтерілгенше тұрды дейді. Сонда кесек-кесек май түсіпті. Жинап алғанда бір қазан май болды дейді.

Жаңадан дастарқан жайылып жиналғанда батыр батасын беріпті:

-Мынау сақау қырғызда ердің кегі, еркектің намысы кетті. Ондай күн енді қайтып туа қоймас. Айыр-шиыр бір қалпақтанбыз ғой. Аралас-құраластығымыз үзілмес. Менде бір қыжыл қалды. Сақаулардың бір балуанының мені тізерлетіп кеткені бар. Соны бір қайтарса сен қайтарады деп отырмын. Менің ақ жолымды берсін, әумин!- деп батасын беріпті.

Онымен қоймай "батырға атын арқалап жүру жарамайды деп аулына шақырып, атын ауыстырыпты.

Сол жылы Бодық батырдың асы беріліп, үш жүздің басы қосылыпты. Асқа қырғыздың атақты Шәбдені де келіпті. Бұл ас үлкен жанжалмен аяқталған дейді. Оған себепші болған осы Омар батыр көрінеді.

Балуандар белдесуінде Шәбденнің шідерлеп әкелген бұқа мойын Мойнақ деген балуаны қазақтарды шыдатпапты. Заманында Ағыбай батырдың да балуандыққа түскені белгілі. Сол Ағыбайдың өзімен текетірес түсіп жүрген Бодық батырдың Шал деген аталасы балағын түріпті. Сөйтіп тұрғанда ағасы Шал балуанды тік көтеріп топқа түсіріп, ортаға атылып Омар шығыпты, Мұндай шалт қимылды ешкім де күтпесе керек.

Ел бұл қалай болды деп естерін жиғанша Омар Мойнақты қапсыра құшақтаған күйі орнынан жұлып алып, "Ағыбай! Ағыбай!"-лап Шал ағасының атыпты. Мұнымен тый-ылмай үйелеп жатқан Мойнақтың ыштанын ашып, түкіріпті. Керней руының ұраны-Жарылғап. Омар осы рудан. Түсініспеушілік осы жерден басталады. Омар аруақ шақыр-ғаніда әрі салғанда Қарқабатты, бері салғанда Жарылғапты ауызға алуы керек еді. Мұнан басқа осы елден ұранға шыққан Машай, Керней батырлар һәм бар. Омардың "Ағыбай-лап" ұрандауын бір ғана Керней атасы емес, осы өңірді жайлайтын Бесата баласы түгел намыс көреді. Оның үстіне Шәбден де шалқасынан түседі. Омар "Ағыбайлап ұрандап намысымызға тиді" дейді. "Дамбал шешкен еркекті көріп едік, ыштан шешкен еркекті көргеніміз осы" деп кергіп қана қоймай, Омарды табан астында жазалауды талап етеді. Бұл кезде Омар Ағыбай батырдан мінген Ақкөбік атына мініп алып "Бодықтап!" шауып жүріпті. Ел Бодық батырдың аруағын сыйлап, Омар жазадан азат қалады.

Омардың інісі Оспан да осал болмаған. Ол да жалғыз жорта беретін батырлар қатарынан екен. Бірде елдің ұранға шақырып жүрген бәйге аты қолды болады. Оны Оспан батыр қуа шығады. Ақыры індетіп жүріп Кіші жүз тамалардан із шығарады. Аттың қоруы мықты екен. Алайда қашанда аңдушы алады ғой. Бір сәті келгенде киіз үйді төңкеріп тастап, атты ала қашады. Қашқынның ізі білініп қалып қуғыншылар қоса шығады. Ел шетіне жете бере қуғыншылар Оспанды қуып жетеді. Жан алысып-беріскен ұрыста батыр опат болады. Қуғыншылар мәйітті ездерімен бірге алып кетуге аруақ аттай алмай абды-райды. Кеңесіп отырып батырдың сүйегін ата-жұртында қалдыруды шешеді. Ағасы Омар тауып алса іс насырға шабады деп мәйітті саумалап көтеріп Доңғалдың басына шығарып, бетін жасырады.

Бұл кезде Омар батыр ауылда екен. Түсінде аруақтар аян береді. Алтыбақанның бір басында бауыры да, екінші басында елу қызыл нар тұр екен дейді. Елу нар төмен басқан-да бауыры жоқ болып кетеді. Осыдан барып Доңғалдың басындағы Оспанның денесін тауып алады. Бауырының бетін жабар жаппастан Ақсөңке атына мініп, қосарына Ақжелеңін алып тамалардың соңына түседі. Жарау аттар жер апшысын қуырады. Омар батыр оларды айналып өтіп, бара Кіші жүздің келелеріне тиеді. Бетін Арқаға салып елу келені жаяғыз өзі қуады.

Орта жолда қуғыншылармен бетпе-бет келеді. Омардың жалғыз өзін көріп құныкерлер айран-асыр болады. Әр келенің өз бурасы болатыны түсінікті. Олар өз иелерін ғана мойындайды. Өзге сырт адамдарды шайнап тастайды, не таптап өтеді. Сол буралардың бірде-біреуі көрінбейді. Құныкерлер осыған таң болады.

Ел солайынша ошарылып тұрғанда батыр қолды болған бәйге атын жетелеп кете барады.

Құныкер тамалар елдеріне барса бастарының мылжа-мылжасы шыққан елу бурасы әр жерде жайрап жатыр дейді.

Қайтып келген соң еру жасап, құныкерлер елінен қызыл елу нарын қуып әкеледі. Інісі Оспанның кегі мен құнын батыр осылай қайтарған екен.

Әдебиеттер:

Дүйсенбаев, Б. Омар батыр: Тарихи тұлғалар / Б.Дүйсенбаев, Т.Майбас// Орт.Қазақстан.- 2004.- 3 маусым.-7 б.

Мазмұны:

Оқырманға	2
Нұрбай Алтайұлы	3
Барғана батыр	5
Шерубай Биболдыұлы	6
Жалаңтөс Жансарыұлы	8
Нияз батыр	9
Байғозы Наймантайұлы	12
Сеңкібай Оразғұлұлы	14
Жидебай Қожаназарұлы	16
Көкбөрі Керней Жарылғап батыр	17
Таймас Бектасұлы	20
Ағыбай Қоңырбайұлы	22
Мәнжі Күржікейұлы	30
Омар батыр	32

Құрастырушы: Өлкетану бөлімінің кітапханашысы С.О.Телпекбаева

Басып шығаруға жауапты: Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК директоры
Ж.К.Шаймұханбетова

Сарыарқа батырлары: Библиогр. әдебиеттер көрсеткіші / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: С.О.Телпекбаева.- Қарағанды: б.ж., 2006.- 34 б.: сурет.-(ОҒӘК өлкетану ресурстары – жастарға; 4 бас.).

Таралымы 40 дана.

©Қарағанды облыстық Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы, 2006 ж.

©Телпекбаева Сандуғаш Орынбайқызы, 2006 ж.